


Пайғамбарымыз
және
Оның күнделікті
іс-әрекеттері

Проф. Др. Х. Камил Илмаз



**Пайғамбарымыз
(с.а.у.)
және
Оның күнделікті
іс-әрекеттері**

Проф. Др. Хасан Камил Ылмаз

А. ҚҰРАН СӨЗІНЕН ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ

Ұлы жаратушымыздың бүкіл әлемге рахмет ретінде жіберген ең ұлы абырой-даңқ иесі Хазіреті Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Пайғамбарымызды танытып, оның асқақ сипаттары мен қасиеттерін ашып көрсететін Құран аяттарының кейбіреулері мыналар:

1. «Біз сені бүкіл әлемге рахмет етіп қана жібердік».¹

Аллаһ Тағала пайғамбарын рахмет өрнектерімен өрлеген. Оның болмысы – бүкіл мүминдер үшін рахмет. Өйткені Оған сеніп, Оның басқан ізімен жүргендер пәнилік және бақилық (ақыреттік) бақытқа қол жеткізеді. Кәпірлер үшін рахмет. Себебі Оның келуімен кәпірлер бұрынғы үмбеттерге бұл дүниеде берілген азаптан құтылады. Өйткені, жазалары ақырет күніне кешіктірілген (ақырет күнінде беріледі).

2. «Әй (даңқы ұлы) Пайғамбар! Біз сені, сөз жоқ куәгер, қуантушы, ескетруші және Оның әмірімен адамдарды Аллаһқа шақырған (тура жолды көрсететін) нұрлы шырақ етіп жібердік».²

3. «Шынында сендерге өз іштеріңнен бір пайғам-

1. Әнбия сүресі, 107-аят.

2. Ахзаб сүресі, 45-46 аяттар.

бар келді. Сендердің қиналуларың оған қатты батады. Ол сендерге ынтық, бүкіл мүминдерге аса еміренгіш, мейрімді».³

Бұл аятта Аллаһ Тағала өзіне тән «Раууф» (мейірімді) және «Рахим» (рақымды) деген сипаттармен Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да сипаттап, Оған деген ілтипатты білдірген. Пайғамбарымыздың мүминдерге деген ынтықтығы – оларға тура жолды көрсету үшін төзген қиындықтары және олардың дүние мен ақырет бақытына қол жеткізу үшін шеккен азаптары.

4. «Ол сондай Аллаһ, сауатсыздарға өз іштерінде оларға Аллаһтың аяттарын оқып, оларды (күнәлардан) арылтатын, сондай-ақ оларға Кітапты (Құран) және хикметті үйрететін пайғамбар жіберді...»⁴

Бұл аят кәримада Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) міндеттері басты төрт тармақтан тұратындығы айтылады;

- а. Адамдарға Аллаһтың аяттарын оқу.
- ә. Оларды тазартып, игілікке жеткізу.
- б. Аллаһтың кітабын үйрету.
- в. Хикметті (даналықты) көрсету.

5. «(Ей, ұлық пайғамбар!) Сен түп-түзу, хақтан айырылмайтын тура жолдағы нағыз пайғамбарлардансың».⁵

3. Тәубә сүресі, 128-аят.

4. Жұма сүресі, 2-аят.

5. Ясин сүресі, 2-аят.

6. «Сөзсіз, Аллаһ мүминдерге үлкен қамқорлық етті. Өйткені, оларға өз араларынан пайғамбар жіберді...».⁶

Аллаһ Тағала құлдарының өзіне лайықты түрде құлшылық ете алмайтындықтарын білгендіктен бойына мейірім мен рақымшылықты дарытып жаратқан сүйіктісін оларға елші етіп жіберді. Оған (пайғамбарға) еруді, бас июді өзіне бас ию деп санады да былай деді:

7. «Кімде-кім Пайғамбарға бағынса, ол Аллаһқа бағынған болады».⁷

Аллаһ Тағала өзін сүюдің жолын Оған еру және Оған тәуелді болу шартымен байланыстырып, былай бұйырды:

8. «Әй, ардақты Пайғамбар! Былай деп айт: «Аллаһты сүйсеңдер, маған еріндер. Аллаһ та сендерді сүйсін және күнәларыңды кешірсін».⁸

Оған еру, әрине, Аллаһтың махаббатына жеткізеді. Өйткені Аллаһ Тағала Оны көркем мінезді етіп жаратқан еді.

9. «Расында, сен аса көркем мінез иесісің».⁹

Себебі, Аллаһ Тағала Оның жүрегін сеніммен, Ислам жолымен және пайғамбарлық нұрымен ашып, ғылыммен, хикметпен толтырған.

10. «(Әй, Мұхаммед!) Сенің көңіл көкірегіңді

6. Әли-Имран сүресі, 164-аят.

7. Ниса сүресі, 80-аят.

8. Әли-Имран сүресі, 31- аят.

9. Қалам сүресі, 4-аят.

кеңейтпедік пе? Белінді қайыстырған ауыр жүкті алып тастамадық па? Абыройыңды көтермедік пе?»¹⁰

Бұл аяттағы «ауыр жүк» пайғамбарлықтан бұрын пайда болуы мүмкін күнәлар немесе қараңғылық кезеңіндегі күндерің ауырлығы немесе Құранды баяндамастан бұрынғы пайғамбарлық жүгі деп тәфсир (жорамалданған) етілген. Ал «Сенің абыройыңды көтермедік пе?» деген аятта пайғамбарлықпен қатар абыройының артуы және шәһәдат кәлимасында өз атының Аллаһтың атымен қатар аталуы айтылған.

Аллаһ Тағла Оны ең әдемі сипат пен ең жақсы қасиеттермен әрлеген, адамдар үшін жақсы және «нүмуне-и имтисал» (үлгі боларлықтай) етіп жаратқан:

11. «Расында, сендер үшін, Аллаһпен қауышуды және ақірет күнінде (азаптан) құтылуды армандағандар үшін және де Аллаһты көбірек еске алып тұрғандар үшін Аллаһтың Расулінде әлбетте тамаша өнегелер бар».¹¹

12. «(Әй, мұсылмандар!) Сендер Пайғамбарды шақырғанда бір-бірінді шақырған сияқты шақырмандар!...» («Әй, Мұхаммед!» демендер, «Уа, Расулүллаһ!», «Уа, Набиаллаһ!» деп атаңдар).¹²

Аллаһ Тағала бүкіл пайғамбарларды өз аттарымен атағанымен, Пайғамбарымызды «Ей, Расул!», «Ей,

10. Шарх сүресі, 1-4 аяттар.

11. Ахзаб сүресі, 21-аят.

12. Нұр сүресі, 63-аят.

Наби!», «Ей, Пайғамбар!» - деп атаған. Бұл — Аллаһ Тағаланың оған көрсеткен құрметінің белгісі.

Аллаһ Тағаланың Оған деген құрметінің тағы бірі-үмбеті үшін берген екі кепілдігі:

13. «Сен олардың ішінде болғанда, Аллаһ оларды азаптамайды. (Сондай-ақ) Олар жарылқау тілегенде де Аллаһ оларға азаптаушы емес».¹³

Бұл жөнінде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

*Аллаһ Тағала маған үмбетім үшін екі кепілдік берді. Оның бірі — олардың араларынан кеткенімше, екіншісі-олар жарылқау тілеп тұрған сайын Аллаһтың олардың азаптамауы. Қайтыс боларымда қиямет күніне дейін сендерге тәубе етуді аманаттаймын».*¹⁴

«Біз сені бүкіл әлемдерге рахмет етіп қана жібердік» деген аяттың мағынасы, міне осындай.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқа бір хадисінде былай дейді:

*«Мен — сахабаларымның қауіпсіздікте болуларына дәнекермін, әрі тыныштық бұлағымын. Мен қайтыс болғаннан кейін сахабаларыма уәде етілген қауіпті жағдайлар туа бастайды».*¹⁵

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабалары үшін тыныштық бұлағы мен қауіпсіздік дәнекері болған. Өйткені, оларды араздасудан,

13. Әнфал сүресі, 33-аят

14. Тирмизи, Тәфсирул-Құран, 3082.

15. Мүслим, Фадалиус-Сахаба, 207.

алауыздықтан және бидғаттардан (Пайғамбарымыз баяндаған дінге жатпайтын істен) қорғаған.

Оның сүннеті де жүзеге асырылған сайын үмбеті үшін қауіпсіздік дәнекері және тыныштық бұлағы болып жалғаса береді.

14. «(Ей, Мұхаммед!) Сен тек Аллаһтың рахметі арқасында оларға мүләйім болдың. Егер дөрекі және қатал болсаң, олар сенен алыстап, бет-бетіне кетер еді».¹⁶

Б. ӨЗ СӨЗІНЕН ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әлемге мейірімді және де әлемнің жаратылуына себеп болғаны үшін Аллаһтың ілтипатына ие болды. Бұларды өз аузынан тыңдап көрейік:

1. *Мен – жаратылуым бойынша пайғамбарлардың алғашқысымын, ал жіберілуім бойынша соңғысымын.*¹⁷

2. Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұрайды:

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Саған пайғамбарлық қашан берілді?» Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп жауап береді:

*«Адам Ата әлі рух пен дене арасында болғанда».*¹⁸

Оның пайғамбарлығы бүкіл адамзатты қамтиды.

3. Ол шынында:

16. Әли-Имран сүресі, 59-аят.

17. Мүслим, Қадәр, 16/2653

18. Тирмизи, Мәнақиб 1; Ахмет бин Ханбел, IV, 66, V, 59.

«Мен қызылға да, қараға да пайғамбар болып жіберілдім» - деген.¹⁹

Оның келу хикметтерінің бірі жақсы мінезді толықтыру еді:

4. *«Мен жақсы мінезді толықтыру үшін жіберілдім».²⁰*

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мінезі үйренумен, тырысумен болған емес, толығымен иләһи сый нәтижесінде пайда болған. Хақ Тағала Оны жаратты да, өзі тәрбиеледі. Бұл пайғамбарларға қарасты бір жағдай болып, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да бұл туралы былай деген:

5. *«Мені Раббым тәрбиелегендіктен әдебім мен мінезім қандай тамаша».²¹*

Оның мейірімі мен қайырымдылығы бүкіл адамзатты қамтиды. Ол былай дейді:

6. *«Мен лағнет айту үшін жіберілмедім. Мен тек Аллаһтың құлшылығына шақырушы және рахмет ретінде ғана жіберілдім. Аллаһым, қауымымды һидаят-қа (тура жолға) сал, өйткені олар (ақиқатты) білмейді».*

7. *«Аллаһ Ибраһимұлдарынан Исмайлды, Исмайлұлдарынан Кинанаұлдарын, Кинанадан Құрайшты,*

19. Мүслим, Мәсажид, 3/251

20. Муатта, Хуснул-хулқ, 8

21. Ажлуний; Исмаил б. Мұхаммед, Кәшфул-Хафа, I, 70, Бейрут 1352 (Асқаридан)

*Құрайыштан Хашиімұлдарын, ал Хашиімұлдарынан мені таңдады».*²²

8. *«Мақтану үшін айтпаймын, бірақ Раббымның алдына (құзырында) адамзат баласының бұрынғысының да, кешегісінің де ең абзалы - менмін».*²³

9. *«Жәбрейіл (алейһиссәләм) маған келіп:*

*Әлемнің төрт бұрышын шарладым. Мұхаммедтен жоғары ешкімді, Хашиімұлдарынан абзал ешқандай тайпаны көрмедім», - деді».*²⁴

10. *«Мен Адамнан (аләйһиссәләм) бері некелі құрсақтан шықтым (некелі жанұялардан тарап келемін). Менің тегімде ұятқа қалдыратын әдепсіздік жоқ».*²⁵

11. *«Сөз жоқ, мен Ханифтік (Аллаһтың бір екендігін жариялаған Хазіреті Ибраһимнің діні), кеңшілдік (түсінікпен қарау жағдайы) және жеңілдік (беруші) пайғамбары ретінде жіберілдім».*²⁶

12. *«Өмірім — сендер үшін рахмет пен берекет. Мені-мен сөйлесесіңдер, мен де жауап беремін. О дүниелік болғаннан кейін де өлімім сендер үшін рахмет пен берекет болады. Өлгеннен кейін істеген істерің, маған баяндалады, мен тексеремін; егер жақсылық істеген болсаң-дар, Аллаһқа мадақ айтамын. Ал, егер жамандық*

22. Мүслим, Фадайл, 2276

23. Тирмизи, Мәнақиб, 3620

24. Бәйхақи, Дәләйлун-Нубууә, Табарани, Әусат; Суюти, Мәнақиб, 2

25. Ибн Сағд, Табақатул-Кубра, Бейрут, I, 60.

26. Ахмет бин Хәнбал, 226

*істеген болсаңдар, Аллаһтан кешіруін өтінемін».*²⁷

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқа пайғамбарлардан бөлек өзіне берілген ерекшеліктерді былай түсіндірген:

13. *«Маған менен бұрынғы ешбір пайғамбарға берілмеген бес нәрсе аманат етілді. Олар:*

а. Бір айлық алыстағы (бір айда жететін) дұшпанымның жүрегін үрейлендіріп, жеңіске қол жеткізу.

ә. Мен үшін жер үсті мешіт болды, топырақ та таямұм (су болмаған жағдайда топырақпен дәрет алу) үшін тазартылды. Сондықтан да кез-келген ұмбетім намаз уақыты жетсе, сол жерде дереу намазын оқи берсін.

б. Менен бұрын ешбір ұмбетке және ешбір пайғамбарға (халал) адал етілмеген соғыстан түскен олжа маған және ұмбетіме адал етілді.

в. Менен бұрынғылар тек бір қауым мен тайпаға ғана пайғамбар болғанда, мен бүкіл адамзатқа пайғамбар болып жіберілдім.

г. Маған шапағат (Қиямет күні Аллаһ Тағаланың алдында, ұмбетінің күнәһарларының жарылқануына дәнекер болу) ету құқығы берілді».

Осы соңғысының мағынасын күшейтіп беретін басқа бір хадисте былай делінген:

14. *«Әр пайғамбардың сөзсіз қабыл болатын айрықша бір дұғасы бар. Мен бұл дұғамды, Иншаллаһ, махшиар күні ұмбетім үшін шапағат ететін кезге сақтаймын».*²⁸

27. Ибн Сағд, Табақат, II, 194

28. Дарими, Рақайқ, 85; Мүслим, Фадайл, 2

ПАЙҒАМБАРҒА ДЕГЕН МАХАББАТ

Құран Кәрімдегі мына аят-кәрима – Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүюдің қажет екендігінің және Оның осы махаббатқа лайық екендігінің дәлелі. Аллаһ Тағала былай айтады:

1. «(Әй, Мұхаммед!) Оларға айт: егер әкелерің, балаларың, ағайындарың, әйелдерің, туысқандарың, жиған мал-мүліктерің (дүниелерің), тоқтап қала ма деп қорыққан саудаларың, жақсы көрген үй-жайларың сендерге Аллаһтан, Пайғамбарынан және Аллаһ жолында соғысудан артық көрінсе, онда сендер Аллаһтың әмірі келгенше күтіндер. Аллаһ пасықтар қауымын тура жолға салмайды».²⁹

Бұл аяттағы «**Онда сендер Аллаһтың әмірі келгенше күтіндер**» дегенінде мал-мүлкі, туысқаны, балашағасы және саудасы өзіне Аллаһ пен Расулiнен артық сүйкімді көрінетін адамдардың жағдайларының жаман екендігі және азапталатындықтары баяндалған.

2. «Пайғамбар мүминдерге өз жандарынан (нәпсілерінен) да аяулы. Пайғамбардың жұбайлары - оларға ана».³⁰

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзіне деген сүйіспеншілік жайлы былай дейді:

*1. «Ешбіріңіз мені өзінен баласынан, ата-анасынан және бүкіл адамдардан да жақын тартып, сүйіктісі етпейін-ше, толық иман еткен бола алмайсыздар».*³¹

29. Тәубә сүресі, 24-аят.

30. Ахзаб сүресі, 6-аят.

31. Бұхари, Иман 8; Мұслим, Иман 69.

2. «Кімде мына үш ерекшелік-қасиет болса, ол иманның ләззатын алады:

а. Аллаһ пен Расулі өзіне барлық нәрселерден сүйікті болу,

ә. Сүйгенін тек Аллаһ үшін сүю,

б. Күпірліктен құтылғаннан кейін одан отқа тасталудан қорыққандай үрейлену».³²

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) бір күні Пайғамбарымызбен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге отырған еді. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Омардың (радиаллаһу анһу) қолын алақанына қойды. Сонда Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу):

«Аллаһқа ант етемін, сен маған өз жанымнан басқа барлық нәрседен де сүйіктісің», - деп Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген махаббатын көрсетті. Бұған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мен саған жаныңнан да артық болмайынша иманың кемелденген болып саналмайды», - деп бұйырды. Ал, Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу):

«Сені Құранмен жіберген Аллаһқа ант етемін, енді сен маған өз жанымнан да аяулысың», - дегенінде, ол:

«Ей Омар, енді иманың кемелденді», - деді.³³

Осы тұста мынадай бір сұрақ туындауы мүмкін. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

32. Нәсәй, Иман 2-4; Ибн Мәжә, Фитән, 23.

33. Бұхари, «Әйман ән-Нур».

біздің махаббатымызға мұқтаж ба екен? Өзінің соншалықты сүйікті болуы турасында неге сөз қозғайды? Бірден жауап берейік:

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біздің махаббатымызға ешқандай мұқтаждығы жоқ. Өйткені, Оны Аллаһ Тағала сүйген, бүкіл әлемге рахмет еткен. Бірақ оны сүюге біз мұқтажбыз. Себебі, адам сүйгеніне ұқсағысы, яғни, Ол сияқты болғысы келеді. Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүйген оның жолына түседі, сүннетін өзіне жақын тартады және Аллаһтың сүйікті құлы болу мәртебесіне қол жеткізеді. Аллаһ махаббатына Пайғамбар махаббаты арқылы жол табады, Адам қияметте сүйгенімен бірге болады. Бір сахаба Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп:

3. «Қиямет қашан болады?», - деп сұрайды. Мырзамыз (Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)): «Қиямет үшін не дайындадың?», - деп қарсы сұрақ қояды. Сахаба: «Айтарлықтай көп намазым, ораза мен ғибадатым (құлшылық) жоқ. Бірақ, Аллаһ пен Расулін сүйемін», - дегенде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Сен сүйгеніңмен бірге боласың», - дейді.³⁴

Иләһи махаббатқа жету үшін, алдымен. Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүю керек. Асыл махаббатқа жеткізетін махаббатқа қол

34. Бұхари, Фадайлус-Сахаба, 6, Әдәб 95-96; Дарими. Рақайк, 71

жеткізу үшін Оның махаббатымен сусындау керек. Өйткені, Оған деген махаббат-ғашықтық жолының бастамасы, әрі соңы. Бүкіл махаббат оған қайта оралады. Ақын жүрегі айтқандай бұны былай түсіндіруге болады:

*Махаббаттан болды, Мұхаммед пайда,
Мұхаммедсіз махаббаттан не пайда?!*

Бұл әлемдегі әсемдіктер - жаратылыстың оған күлімсіреуі, қайғылар - Оған естіртейін деген күрсінүүлەر. Жамандықтар Оны іздеп жүргендердің парқына жетпей, бір-бірімен қақтығысуларынан тұрады. Ескен желде, жаңбырда, селде, құрғақшылықта Ол үшін алған демді, төгілген көз жасын және жарылған ерінді көреміз. Оны қарсы алу үшін түрлі түске боялған бұтақтар, көгалдар оны құшақтай алмағандығынан қайғыға батып, бойларын бүгеді де солып кетеді.

ОНЫ СҮЮДІҢ БЕЛГІЛЕРІ

Бір нәрсені немесе біреуді сүйген адам онымен бірге болғысы, оған ұқсағысы келеді. Махаббаттағы шынайылықтың өлшемі осы. Осы себепті, Аллаһтың Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүйетіндігін айтатын адамдарда мына белгілердің табылуы керек.

1. Оған еру, Оның сүннетін орындау, сөз бен іс-әрекеттеріне тәуелді болу, Оның әдептерінен тәрбие алу және мінезінен үлгі алу керек. Расында Аллаһ Тағала былай дейді:

«(Ей, пайғамбарым!) айт: егер сендер Аллаһты сүйетін болсаңдар, тез маған еріндер. Сонда Аллаһ

сендерді сүйеді және күнәларыңды кешіреді. Өйткені Аллаһ асқан рақымды, ерекше мейірімді».³⁵

2. Оның әмірлерін өз арман-мүдделерінен де жоғары ұстау керек. Осы жайында Аллаһ Тағала былай дейді:

«Олардан (Мұхажирлерден) бұрыннан Мәдинада тұрып иманға ұйыған жарандар (ансарлар) кейін қастарына хижрет етіп (көшіп) келгендерді жақын тұтып, оларға берілген нәрселерге іштарлық жасамайды. Өздері мұқтаждық көрсе де, оларды өздерінен артық көреді. Кімдер сараңдықтан өз басын тартса, солар мұратына жететіндер болып саналады».³⁶

3. Оның сүйген адамдарын, жанұясы мен тегінен тарағандарды және Ансар мен Мұхажирлерден құралған сахабаларын сую-оларға іштерінен қастандық ойлап дұшпан болғандарды жек көру. Өйткені, біреуді сүйген адам оның сүйгендерін де сүйеді.

Аллаһ пен Пайғамбарын жек көріп, оларды қорлағандарды жек көру керек және Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дұшпандарына дұшпан болу керек. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Аллаһ және ақырет күніне сенетіндердің Аллаһқа және Расуліне қарсы келгендерді, өздерінің әкелері, ұлдары, аға-бауырлары, туыс-туғандары болса да дос**

35. Әли-Имран сүресі, 31-аят.

36. Хашр сүресі, 9-аят.

түтқанын кездестірмейсің».³⁷

4. Ол әкелген Құранды және Ислам шариятын (үкімдерін) ұнатып сүю керек. Өйткені, Оның жан-дүниесі де Құран еді.

5. Оның үмбетіне шапағат пен мейірімділік көрсету, олардың пайдасына қызмет ету керек.

6. Оны сүйетінін айтқан адам дүниеге құмартпауы керек. Кедейшілікке дайын және оған разы болу керек. Өйткені, Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзін сүйген адамның біріне «Олай болса, кедейшілікке дайын бол!» - деген.³⁸

7. Оған жетуді, онымен жолығуды армандау керек. Өйткені сүйген адам сүйіктісімен жолыққысы, оған жақын болғысы келеді.

8. Оны жиі еске алу, ұмытпау керек, құрметпен қарап, шын көңілмен салауат айтып, сәлем беру керек. Өйткені, Оны сүюдің жолы Оны еске алудан және Оған салауат айтып сәлем беруден басталады.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗҒА САЛАУАТ ПЕН СӘЛЕМ

Құран Кәрімде және хадистерде Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) салауат айтып, сәлем берілуі керектігі айтылады. Құран Кәрімде былай дейді:

«Расында, Аллаһ пен періштелері Пайғамбар Мұхаммедке салауат тілеп, сәлем айтады. Оны

37. Мужәдәлә сүресі, 9-аят.

38. Тирмизи, Зүһд, 23/51

мадақтайды. Ей, иман келтіргендер! Сендер де оны мадақтаңдар! Оған салауат айтып, сәлем жіберіп тұрыңдар!».³⁹

Бұл деген - Аллаһ Тағаланың Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) салауат пен сәлем айтуы, Оны періштелерінің жанында мақтауы, ал періштелердің, Оған салауат пен сәлем айтуы, Ол үшін дұға етулері. Осы аят түскенде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларына өзіне сәлем берулерін сұрайды. Сондықтан ардақты сахабалары мен одан кейін келгендер Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасиетті қабірін зиярат еткенде де, мүбарак есімі аталғанда да салауат пен сәлем айтуға міндетті. Бұл міндет белгілі бір уақыт үшін емес. Осы себепті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Егер, кімде-кім күніне маған жүз рет салауат пен сәлем айтса, Аллаһ ол адамның ақыретте жетпіс қажетін, жарық дүниеде отыз қажетін, сөйтіп жүз қажетін өтейді». «Аллаһ Тағаланың жер шарын аралап жүретін періштелері бар. Олар ұмбетімнен болған адамдардың салауат пен сәлемдерін маған жеткізеді»⁴⁰, - деп айтқанымен қатар, аты аталған жағдайда өзіне салауат пен сәлем айтпаған адамды сараң ретінде сипаттаған.⁴¹

39. Ахзаб сүресі, 56-аят.

40. Ахмед бин Ханбәл, I, 387

41. Тирмизи, Дағуат, 100, Ахмед бин Ханбәл, 1, 201.

Осы тақырып жайында хадис өте көп. Дегенмен бір хадисте:

«Жұма күні маған көптеп салауат пен сәлем айтыңдар. Өйткені, сол күні сендердің салауат пен сәлемдерің маған тез арада жеткізіледі», - дейді. Сахабалар сұрайды:

«Уа, Расулұллах! Қабіріңізде шіріп жатқаныңызда біздің салауат пен сәлеміміз сізге қалай жетеді?». Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтады:

*«Аллаһ Тағала жер жүзіне пайғамбарлардың денелерін жеп шіртуіне тыйым салған».*⁴² *«Біреу маған сәлем бергенде, Аллаһ маған рухымды өзіме қайтарады да, оның сәлеміне үн қатамын».*⁴³

Өйткені Аллаһ Тағаланың пайғамбары әрқашан да тірі, Хақ Тағала оның тілегін үнемі қанағаттандырады.⁴⁴ Сондай-ақ Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жоғары мәртебелер мен орындардағы рухы оның денесімен байланысын әрқашан жалғастыра береді. Айтылған салауат пен сәлемдердің мақсаты - Расулұллахтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) махаббатына, құрметіне жету. Өйткені, адам құлай сүйгенін үнемі еске алады және ол адамын беріле сүйеді.

42. Ахмет бин Ханбәл, Ибн Мәжә, Жанаиз, 1636; Нәсәй, Жұма,

43. Әбу Дауд, Мәнәсиқ 94.

44. Ибн Мәжә, Жанаиз, 1637.



БІРІНШІ БӨЛІМ

***ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ
ЖАРАТЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ***

А. ХИЛИЯ МЕН ШӘМАЙЛИ (Маңдайша мен мінез-құлқы)

Барлық пайғамбарлар жаратылыс жағынан адамзат атаулының ең сүйкімдісі, әрі ең кемелдісі. Біздің Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да бүкіл адамзаттың, әрі пайғамбарлардың ең кемелдісі. Аллаһ Тағала оны теңдесі жоқ рухани ерекшелігімен бірге, теңдесі жоқ құдіретті де сәнді етіп жаратқан. Өздері мұны былай түсіндіреді:

«Аллаһ жіберген бүкіл пайғамбарларына жағымды дауыс пен ажарлы келбет берген». Сендердің пайғамбарларыңды да жағымды дауысты, әрі әдемі келбетті етіп жіберген.⁴⁵

Аллаһ Елшісінің жаратылысы мен мінез-құлқын сөзбен түсіндіретін жазбаларды «Хилия» немесе «Шәмайл» дейді. Оның мінезі мен жаратылысын баяндайтын шығармалар бақытты дәуірден (Хазіреті Пайғамбар өмір сүрген кезең) бері күні бүгінге дейін маңызы зор құнды деректер болып табылады. Сахабаларының айтқандарына қарағанда Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хилиясы мынадай еді:

45. Ибн Сағд, Табақат, 1-том, 376

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бойы, дене мүшелері, бітімі бір-бірімен үйлескен өте жарасымды еді. Ол ұзындау орта бойлы еді. Көпшілік арасында еңсегей бойлы көрінетін еді. Маңдайы ашық әрі кең, қастары жаңа туған айдай, бір-біріне жақын, қабағы ашық болатын. Көздері мөлдір, кірпіктері қара және ұзын еді. Терлеген кезде нұрлы жүзінен аққан тері маржан моншақтарындай мөлтілдеп төгілетін және ерекше бір хош иіс шығатын. Қыр мұрынды, дөңгелек жүзді, беті сопақтау келген, мойыны ұзындау еді. Тістері маржандай тізілген. Сөйлегенде алдыңғы тістері жылтырап тұратын.⁴⁶

Иықтары кең, қолы мен балтыры жуан, қолы ұзын, саусақтары салалы еді. Кең кеуделі, қарны мен кеудесі оқтай тартылған шымыр еді. Аяқтары жалпақтабан емес, шұңқырлау еді. Сүйегі ірі, денелі, күшті және бұлшық еті тығыз еді. Жауырынында пайғамбарлық мөрі бар еді. Бұл мөр көгершін жұмыртқасының үлкендігіндей, түсі қызыл және жұмырлау болатын.

Денесі жұмсақ, ал тәнінің түсі не аппақ, не қоңырқай емес, раушан гүліндей қызғылттау, әрі нұрлы, ажарлы еді.

Шашы толқындалған, сақалы қалың, бір тұтам еді. Шашын өсірген кезде құлағының ұшынан асып тұратын.

46. Мұслим, Фадайл, 109/2344. Тирмизи, Әбу Иса Мұхаммед «Шәмайлул-Мухамәдиә». Мұхаммед Акиф Әз-Зәби, Жиддә 1983, 22-24

Қайтыс болар кезде шашы мен сақалы ағара бастаған. Шаштарында біраз ғана, ал сақалында саусақпен санарлықтай-ақ ақ бар еді.

Денесі таза, хош иісті еді. Үстінен үнемі жағымды иіс шығатын. Біреу онымен қол алысса, оның хош иісі сол адамның, мұрнынан күні бойы кетпейтін.⁴⁷

Кіндігі кесілген және сүннеттелген қалпында туылған еді. Сезім мүшелері өте күшті еді. Алыстағыны да көріп, еститін.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм) айбынды пішіні бүкіл құрметті сахабалары мен Оны көрген басқа адамдарға да үлкен әсер ететін. Ол адамзат атаулының ең көріктісі және ең нұрлы жүздісі еді. Оны сипаттағандар жарқырап көрініп тұрған «толған айдай әдемі» деп айтатын.⁴⁸

Ардақты сахабалардан Жәбир (радиаллаһу анһу):

«Мен бұлтсыз бір түні айдың толық кезінде алдымен Мұхаммедке (саллаллаһу әлейһи уәсәлләм) одан кейін айға қарадым. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм) көркі айдан да нұрлы екен», - дейді.⁴⁹

Тағы да ардақты сахабалардан Бәра (радиаллаһу анһу):

47. Мүслим, Фадайл, 2331, 2332; Ахмет бин Ханбәл, III, 107, 200, 222

48. Ахмет бин Ханбәл, III, 25, 28

49. Дарими, Муқаддимә, I, 30

«Пайғамбарымыздың жүзі өте көркем, әрі сүйкімді еді» - деп еске алады.⁵⁰

Б. АДАМДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

1. Сөйлеуі мен Күлуі

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдармен сөйлесуі балдай тәтті, әрі әсерлі еді. Қаз дауысты еді, сөздерді анық айтатын, тіпті, тыңдаушылары сөздерін жаттап та алатын. Айтқандарын, көбінесе, үш рет қайталайтын, сөйлеп тұрған кезінде басын жоғары ұстайтын. Ешкімге жаман сөз айтпайтын және ешкімнің сөзін бөлмейтін. Мылжың сөз бен құрғақ сөзге әсте жоқ еді.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алғашқы жұбайы Хазіреті Хадиша (радиаллаһу анһә) анамыздың бірінші күйеуінен Хинд деген бір ұлы бар еді. Хинд (радиаллаһу анһу) сөзге мықты, шешен еді. Хазіреті Хасан (радиаллаһу анһу) бір күні Хиндтен (радиаллаһу анһу):

«Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сөйлеу мәнері қандай еді?» - деп сұраған еді. Ол: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) (Аллаһтың ұлылығы және адамзат ішінде болған ахуал турасында) өте терең ойланып, үнсіз отыратын. Қажетсіз жерде сөйлемейтін» - деген.

Сөйлегенде әр сөзді түсінікті, әрі айқын айта-тын. Әлденені нұсқағанда, қолын толық көтеретін. Бір

50. Мұслим, Фадайл, 92-93

нәрсеге таң қалғанда қолын бүгіп қалатын. Кейде бір нәрсені айтып жатқанда екі алақанын бір-біріне соғатын. Әзілдеген кезде алдына тіке қарап, кірпігін төмен түсіретін. Сирек күлетін, көбінесе күлімсірейтін» - деп жауап берді.⁵¹

Кейбір риуаяттарға (нақыл сөздер) қарағанда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ешқашан қарқылдап күлмеген.

Пайғамбарымыз ашулы кезінде де, жайбарақат кезінде де әрқашан хақты (шындықты) айтатын. Жақсы сөйлейтін және сөзі шашырап жатқандарға ілтипат көрсетпейтін. Айтпақ ойын және түсіндіретін кейбір мәселелерді астарлап айтатын. Ол үнсіз қалғанда ғана сахабалары сөз алатын.

2. Отыру әдебі

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тізе бүгіп отырудан басқа молдас құрып, «құрфуса» және «ихтиба» әдісі бойынша отыратын. «Құрфуса» дегеніміз - құйрықты жерге қойып, тізелерді көтеріп қарынға түйістіргеннен кейін екі аяқты қолмен құшақтап отыру түрі. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көбінесе осылай отыруды жөн көретін. «Ихтиба» - киімді желбегей жамылып, белдік, бөтес сияқты нәрселермен арқа мен тізені орап, жиналып отыру түрі. Бұл отыру құрфусаға ұқсайды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) отырған кезінде шапанымен аяқтарын, тізелерін жауып,

51. Шәмәйлүл-Мухаммәдһиә, 166

қолымен үсті-басын түзеп қоятын. Негізінде, Ол осы үш түрде отыратын. Жерді тарылтып, біреуге қиындық келтірмеу үшін көсіліп отырмайтын. Негізінде құбылаға қарап отыратын. Жанына келіп отырған қонақтарға арқасындағы тонын төсеп беретін. Кейде қонақтарына өз көпшігін де беретін. Қолдарын артына сүйеп, шалқайып отырмайтын, осылай отырмауларын сахабаларына да ескертетін.

3. Жолда жүруі

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жолда жүргенде жан-жағына қарамай, өрден түсіп келе жатқандай жеңіл әрі шапшаң жүретін. Жүргенде қадамын қысқа басатын, бірақ жылдам жүретін. Жерді аяғының ұшымен емес толық басатын. Қадамын нық басып, денесін мықты ұстайтын. Жүргенде дене мүшелері тең қозғалатын. Жылдам жүретін. Сондықтан жанында жүргендердің көбі қалып қоятын немесе зорға ілесіп, қатар жүретін.

Жолда жан-жағына қарамай жүретін. Бір нәрсеге немесе бір жаққа қарау керек болса, бүкіл денесімен бұрылатын.

4. Тамақ жеу әдебі

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зүһдке (дүниеге қызықпаушылық) толы өмір сүргендіктен, тапқанын ішіп-жейтін және көпшілікпен бірге тамақтануға құмар еді. Тамақ келгенде жерге тізерлей отырып, «бисмиллә» айтып жейтін.

«Мен құлмын, сондықтан құл секілді ішіп-жеймін» - дейтін.⁵²

Тамақты ыстықтай жемейтін, ондай ыстық тамақта береке болмайтынын айтып отыратын.

«Ыстық тамақта береке жоқ. Аллаһ Тағала бізге от жегізбейді. Сондықтан тамақты суытып ішіндер», - дейтін.⁵³

Тамақты үш саусақпен, кейде төртінші саусағын да пайдаланып, әрқашан өзінің алдынан жейтін. Екі саусақпен де жеуді ұнататын, Тамақ кезінде, кейде пышақты да қолданатын.

Бір күні Хазіреті Осман (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «палузе» деген тамақ әкелді. Пайғамбарымыз жеп болған соң:

«Бұл қандай тамақ және қалай жасалады?» - деп сұрайды. Хазіреті Осман (радиаллаһу анһу):

«Ата-анам сенің жолыңда құрбан болсын, ей, Расулұллаһ! Май мен балды табаға салып, отта ерітеміз. Сосын бидай ұнын табаға саламыз. Бұдан кейін қатайғанша араластырамыз. Сосын, міне, көріп отырғаныңыздай, халуа шығады», - деп жауап береді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Шынымен, әдемі тамақ екен!» - дейді.⁵⁴

52. Ибн Сағд, Табақат, I-том, 371-372

53. Мұхаммед Ғазали, Ихияу улумуд-дин, Кайр, Иса әл-Бәби әл-Халәби, II, 367; Бәйхақи уә Табәрани.

54. С.к., II, 368, Ибн Мәжә, Атимә, 46.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) еленбеген арпа ұнынан жасалған нанды жейтін. Қиярды жаңа піскен құрмамен және тұзбен жегенді жақсы көретін.

Жеміс-жидектерденең жақсы көретіні кептірілмеген құрма, қауын, қарбыз және жүзім еді. Кейде жаңа піскен құрма жейтін. Қарбызды шекермен, нанмен жейтін. Қауын-қарбызды екі қолымен жейтін. Құрманы оң қолымен жеп, сол қолына сүйектерін жинайтын. Жүзімді кейде бауымен аузына апарып жеген кезі де болған. Тамағы көбінесе құрма мен судан тұратын.

Құрманы сүтпен бірге жеген кезінде:

«Ең жақсы тағам!» - дейтін.

Ет пен етті тамақтарды жақсы көретін. «Тирит» деген тамақты асқабақпен жейтін. Асқабақты да жақсы көретін және асқабақ жайлы былай дейтін:

«Ол – бауырым Юнустың көкөнісі».

Ауланған құс етін жейтін, бірақ өзі ауламайтын.⁵⁵

Ет жегенде басын төмен қарай имей, етті аузына жақындатып, тістеп жейтін. Қойдың аяқ, сан еттерін ұнататын. Бақырда піскен асқабақты, сіркеге (жүзімнің суы, уксус сияқты) туралған нанды және әжуә құрмасын жақсы көретін.

Тамақтың жұғынын саусақтарымен жалап жейтін де:

«Тамақтың соңы берекелі»,⁵⁶ - дейтін.

55. Ихия, II, 369, Ибн Мәжә, Атимә. 62.

56. Ихия, II, 371, Бәйхақидан.

Саусақтарын жалап тазаламастан бұрын қолын майлықпен сүртпейтін. Тамақтың соңында игілік берген Аллаһ Тағалаға шүкірлік етіп, қолдарын жуатын.

Су ішерде үш реттен ішкенге зер салатын. Әрқайсысын бисмилләмен бастап, хамд (мадақ) айтып шүкірлікпен бітіретін.⁵⁷

Көпшілік арасында су немесе сүт ішкеннен кейін ыдысты оң жағындағы адамға беріп, оның одан әрі жалғасуын өтініп, сол жерде болған әр адамның ауыз тиюін қалайтын. Ішкен ыдысына үрлемейтін және ішіне демін шығармайтын. Ыдысты алыстатқаннан кейін ғана дем алып немесе дем шығаратын.⁵⁸

Үй ішінде жас қыздың ұялшақтығынан да аса ыңғайсызданып жүретін. Тамақты тек дастархан жайылғанда ғана отырып ішіп-жейтін. Ол тағамын өзі дайындаған кездері де болатын.⁵⁹

Өте тойып жемейтін және мұсылмандардың тамақты көп жеуін ұнатпайтын. Бұл жайында былай дейді:

*«Адам баласы өз қарнынан басқа жаман бір ыдысты толтырмаған. Адамзатқа белін тіктей ұстап жүре алуға жететін бірнеше жұтым да жетеді. Егер адам баласы нәпсісін тыя алмайтын болса, қарнының үштен бірін тамаққа, үштен бірін сусын-суға, ал, қалған үштен бірін дем алуға бөлсін».*⁶⁰

57. С.к., II, 371, Табаранидан.

58. С.к., II, 371.

59. С.к., II, 371.

60. Ибн Мәжә, Атимә, 50

5. Киген киім-кешектері

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) киім кию мәдениетінде үнемі белгілі бір үлгіні ұстанбаған. Изар⁶¹, рида⁶² көйлек және шапанның қай түрін болса да не тапса, кие берген. Қарапайым киінуді жақсы көретін, жасыл түсті киімдерді ұнататын, бірақ, көбінесе ақ түсті киім киетін еді. Хабешистан патшасы Нәжашидің жіберген шұлықтарын Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолданған (киген).⁶³

Кейде қолдан тігілген кестелі шапан да киетін. Киімдерін тобығынан төмен түсірмейтін. Ал, изар көйлегі тобығынан едәуір жоғары тұратын. Сәлдесінің желпіншегі иықтарының арасынан таудан ағып жатқан өзендей төгіліп тұратын еді. Қызыл қоңырға (шафран) боялған жамылғысы бар болатын, кейде осыны ғана жамылғы алып, намаз оқитын.

Кейбір риуаяттар бойынша Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кейде үстінде қызыл түсті жолағы бар «һулле-и һамра» деген Йемен матасынан тігілген киімді, көбінесе ешкі жүнінен тоқылған киімдерді киетін еді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болғаннан кейін, Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) Оның соңғы демін алар шағында киген киімдерін халыққа көрсеткен. Көрсеткен киімдері мыналар; жамалған жамылғы мен қолдан тоқылған шапан түріндегі киім еді.

61. Белден төменгі жақта жауып тұратын алжапқыш тәрізді киім.

62. Иыққа іліп, белден жоғары жақты жауып тұратын киім түрі.

63. Ибн Мәжә, Либас, 31.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) киімнің денеге пайдалысын әрі жеңіл түрін жөн көретін. Киімді мақтан үшін кимеу керектігін айта-тын. Осы себепті өте сәнді киім кимейтін және ондайды киюге тиым салатын.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аяқ киімі сиырдың иленген терісінен жасалған сандал түрлес болатын. Бауларын байлағанда, аяғын ұстап тұратын.

6. Жақсы көрген түстері мен иіс сулары

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ақ, жасыл түсті ұнататын және ең жақсы түс ақ екендігін айтатын. Қызыл түсті ұнатпайтын. Бір күні Абдуллаһ бин Омар (радиаллаһу анһу) қызыл түсті киім киіп, Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барған болатын. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үстіндегі киімін ұнатпағандығын сездірісімен, Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) үйіне барып, сол киімін өртеп жіберген еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл істен құлағдар болысымен, Абдуллаһ бин Омарға (радиаллаһу анһу):

- Сол киіміңді босқа өртегенсің. Оданда бір әйелге бере салу керек еді,⁶⁴ - дейді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әдемі иістерді ұнататын. Себебі, әдемі иіс Пайғамбарымыздың бұл дүниеде жақсы көрген үш

64. Асры Сағадат, II, 10.

нәрсесінің бірі еді.⁶⁵ Арабтарда «Сүкк» деп аталатын иіс қолданылатын. Ардақты сахабалар (радиаллаһу анһум) Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өткенде артында хош иіс қалдыратынын айтатын. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолданған миск пен анбері жұпар иісті әрі хош иісті еді.

7. Төсегі мен тынығу мәдениеті

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсалләм) төсегі кейде ішіне құрма жапырақтары толтырылған теріден болатын. Кейде екі бүктелген жамылғыш пен мата, алаша, кейде қарапайым біртөсек болатын. Құрғақ топыраққа жатқан кезі де болған. Жастығының тысы тері, іші құрма талшықтарына толы болатын.

Хазіреті Хафса (радиаллаһу анһә) айтады: «Бір рет Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жақсы жатуы үшін матаны төрт бүктеп салып бердім, бірақ Ол оның жайлылығы үшін жасаған ісіме (жай бір жұмысқа көп мән бердің дегендей) реніш білдірді.⁶⁶

Ал, басқа бір риуаятта Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) былай дейді: «Бір күні ансар ханымдарының біреуі маған келді. Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) іші құрма талшықтарына толы төсегін көріп, біршама уақыттан кейін іші жүнге толы төсек жіберді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи

65. Нәсай, Ишаратун-Ниса, 1; Ахмет бин Ханбөл, III, 128

66. Тирмизи, Шәмайл. б. 261

уә сәлләм) оны көрген соң: «Бұл не?» - деп сұрады. Ал, мен: «Уа, Расулұллаһ! Ансардан пәленше деген әйел келді, ол сенің төсегіңді көрген соң, мынаны беріп жіберді», - дедім. Сол кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

*«Ей, Айша! Мынаны қайтарып бер. Егер мен қалап сұрасам, Аллаһ Тағала күміс пен алтын тауларын менің тілегіме берер еді».*⁶⁷

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл Арабияға үстем болып билеп тұрған кезінде үйінде кішкентай бір ағаш төсек пен су құятын торсығынан басқа ешнәрсесі жоқ еді.

Ұйықтайтын кезде әрқашан оң жағымен жатып, оң қолын оң жақ бетінің астына қойып жататын. Сапарда болған кезінде де осылай істейтін. Етбетінен жатқанды ұнатпайтын және сахабаларына да осылай жасауға тыйым салған. «Бұл жатыс түрі - Аллаһ Тағаланың жақсы көрмейтін түрі», - дейтін.⁶⁸

8. Тазалыққа маңыз беруі

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ең көп мән берген жайларының бірі - тазалық. Бір күні үсті-басы лас, кір бір адамды көріп: «Үсті-басыңды жумайсың ба?» - деп ұрысқан.

Бір күні бір адам Оның алдына алқам-салқам киіммен барыпты. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләй-

67. Мәуахиби Ләдуниия ауд. I, 571, Бәйхақидан; М. Асым Көксал, Ислам Тарихы, XI, 153.

68. Ахмет бин Ханбәл, I-том Пайғамбарымыз (с.а.у.) 388.

һи уә сәлләм) одан: «*Күн көру үшін ешқандай амалың жоқ па?*» - деп сұрағанда, ол: «*Бар!*» - деп жауап қайтарған соң: «*Аллаһтың нығметтеріне қол жеткізіпсің, олай болса, үстіңнен нығметтің әсері көрінсін*», - деп бұйырған.⁶⁹

Қараңғылықтың әдеттерін қоя алмаған кейбір адамдар жерге түкіріп, тіпті, мешіттерде құлшылық ету кезінде де осы жаман қылықтарын жасайтын. Тазалыққа ешқандай мән бермей, көшелерді, жолдарды, тіпті, саялы, көлеңкелі ағаштың астын да лаптап, дәретті бұзатын еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осындай жаман қылықтардан қатты жиіркенетін еді. Бір күні осындай қылықты байқап қалып, қатты ашуланып, киелі жүзі қып-қызыл болып кеткен еді.⁷⁰ Оның ашуланғанын байқаған ансарлық бір әйел айналаны тазалап, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ризалығын алған еді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шалғаш, пияз, сарымсақ және жуа секілді жаман иісті тағамдардың иісін жақтырмайтын. Осы сияқты нәрселерді жеген кісілердің мешітке кірмеулерін және көпшілікпен араласпауын сұрайтын еді.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мәжілістерінде (жиналыстарында) хош иісті шөптер түтетіліп, осылайша жамағаттың жақсы дем алуына көңіл бөлінетін еді. Жұма күні мешітке әдемі иістің себілуін бұйыратын еді.

69. Әбу Дәуіт, Либас, 14.

70. Нәсай, Мәсажид, 8.

Жаздың ыстық бір күні жұмысшылар мешітке жұмыс киімдерімен келген еді. Мешіт кішкентай болғандықтан ішінде жаман иіс мүңкіп кеткен еді. Осыған байланысты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жуынып келсеңіздер жақсы болар еді», - дейді.⁷¹

Осыдан кейін жұма күндері жуынып тазалану сүннет болған еді. Сапарда болсын, өз елінде болсын тарақ, айна, мисуак (тіс тазалағыш ағаш), раушан майы, өтір, қайшы, сүрме секілді тазалық пен дәретхана жабдықтарын жанынан тастамайтын еді.⁷²

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мешітін айнадай етіп тазалап ұстайтын еді.

9. Күнделікті шаруасы мен іс-әрекеттері

Имам Тирмизи «Шәмайл» деген жазбасында Хазіреті Әлиден (радиаллаһу анһу) қалған нақыл бойынша Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күнделікті уақытын үш мезгілге бөлгендігін айтады. Бұл уақыттардың бірі құлшылыққа, екіншісі халықтың ісіне, ал, үшіншісі өз қажетіне бөлінеді екен.⁷³

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түн ортасында немесе түн ортасы ауған шақта тұрып, жастығының жанына қойған мисуакпен тісін

71. Асры Сағадат, II, 11.

72. қар. М. Асым Көксал. Ислам Тарихы, Стамбул 1980, XI, 162

73. Шәмайлу Мұхаммәдия, 265-267 б.

ысқылайды екен, сосын дәрет алып, тахажжүд намазын оқып, біраз уақыт ғибадат істерімен айналысқан. Бұдан кейін таң намазын оқу үшін мешітке баратын болған.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) таң намазынан кейін жайнамазының үстіне жатып, күн шыққанша тынығып алып, сосын келгендерді қабылдай бастайтын. Жан-жақтан келген адамдар Оның қасына жиналатын. Ал, Ол оларға уағыз бен насихат айтатын. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зиярат етушілердің көрген түстеріне дейін тыңдап, осылайша олардың әр түрлі діни және күнделікті тіршіліктерімен айналысатын еді.

Кейбір риуаяттар бойынша Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дұха уақытында төрт рәкағат немесе сегіз рәкағат намаз оқып, үйіне барып, үй шаруаларымен айналысып, киімдерін жамап, аяқ-киімдерін жөндеп, малдарын сауатын.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) екінті намазынан кейін әйелдеріне жеке-жеке кіріп, қал-жағдайларын сұрайтын, ал түнде әйелдерінің бірінің қасында өткізетін. Басқа әйелдері түнді бірге өткізетін әйелінің қасында жиналып, құптан намазына дейін сол жерде болатын. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құптан намазын оқып болған соң үйіне оралатын, ал әйелдері бөлмелеріне тарап тынығатын еді. Құптан намазынан кейін бөлмесінде Құраннан Исра, Зүмәр, Хадид, Тағабүн және Жұма сүрелерінің бірін оқитын.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әр намаз үшін бөлек дәрет алуға тырысатын. Кейде бір

дәретпен бірнеше намазын оқыған кезі де болған. Мысалы, Меккені алған кезде бір дәретпен бірнеше намазын оқыған еді.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүннет пен нәпіл намаздарын көбіне үйінде оқитын, ал парыз болған намаздарды мешітте ұзақ сүрелермен оқитын еді.⁷⁴

10. Мәжілістері (жиналыстары)

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мәжілістері сарайдағыдай қызметшілерге не жұмысшыларға толы емес еді. Тіпті үйінің есігі де жоқ болатын. Бірақ Оның пайғамбарлық айбаттылығы мен салмақтылығы әркімге ерекше әсер ететін де, барлығы әдептілік сақтап отыратын. Оны көрген адамның жүрегі толқып қоя беретін. Сахабалардың Пайғамбарымыздың құзырында үндемей тыныш отырғанын көргендер олардың бастарына қонған құсты үркітіп алмау үшін осылай отырғандарын ойлап қалатын.⁷⁵

Мәжілісінде өзіне арналған белгілі орны болмайтын. Өзгелерге де мәжілісте белгілі бір жерді тұрақты орын етіп алуларына тыйым салған еді. Өзі мәжіліске барғанда, дереу топтың соңына отыра салатын. Сөйлеген кезінде ешкімді айыптап сынамайтын және ешкімді де мақтап, төбесін көкке жеткізбейтін. Сауапқа жеткізбейтін сөз айтпайтын және айтқан сөздерімен өзгелердің ішін пыстырмайтын.

74. Көксал, Ислам Тарихы, XI, 329-352.

75. Дарими, Мукаддимә, 4.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құзырында сөз сөйлегісі келген адам ата тегіне, дәулетіне, не үстемдігіне қарай емес, білімі мен қасиеттеріне қарай бағаланатын.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдымен кедей-кепшіктерді тыңдап, оларды керек-жарақтарымен қамтамасыз ететін. Құзырында отырғандар бастарын төмен иіп отыратын. Өзі де барынша ашық-жарқын отыратын. Сөз айта бастағанында барлығы да құлақ аса қалатын. Мәжілісте біреу сөз сөйлеп жатқанда, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның сөзін бөлмейтін. Егер айтылған сөзге риза болмаса, естімегендей болып отыра беретін. Бір мәселе жайында сөз қозғалған кезде, өзі де ой-пікірлерін ортаға салатын. Сөз кезінде бір әзіл айтылса, мәз болып, қарымта қайтаратын еді.

Мәжілістегі әр адамға жеке-жеке көңіл бөліп, барлығына сұхбаттан бұйырғанын беретін. Мәжілісі ақ көңілділік пен тыныштық мәжілісі болатын. Бұл мәжілістердің мақсаты тәрбие мен туралықты көрсету мәжілістері еді.

Мәжіліске қатысқан әрбір адамның қал-ахуалын сұрағанда, олардың мұқтаждарын да білуді қалайтын.

Кейбір кісілерді аса құрметпен, әрі сүйіспеншілігінен орнынан тұрып қарсы алатын еді. Бірақ, өзі үшін өзгелердің орындарынан тұруларын қаламайтын, Хазіреті Фатима (радиаллаһу анһә) келгенде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) орнынан

тұрып, маңдайынан сүйетін еді.⁷⁶ Сүт анасы мен бауырларын да орнынан тұрып қарсы алтын.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құзырында әдемі сөз сөйлегендерді жақсы көретін. Мәжілісінде шырайлы өзілдер айтылып, барша жамағат көңілденіп қалатын.

11. Шешендігі мен ділмарлығы

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Араб тайпаларының ішіндегі сөзге ең шебері Құрайышта туылып, Хауазин тайпасына қарасты Сағдұлдарында өскен еді. «Сөз майын ағызатындарың - менмін», - дейтін.⁷⁷ Жәннаттықтар да Оның осы әдемі тілі мен диалектісі бойынша сөйлейтін болады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құтпасында ашық, әрі жүйелі түрде сөйлейтін. Құтпа кезінде қолында кейде садақ, кейде асатаяқ болатын. Осыларға таянып, құтпа оқитын. Мешітте сөйлеген кезінде асатаяққа, ал соғыс алаңында садаққа таянып тұратын еді. Жұма мен айт құтбаларын белгіленген уақытта, ал басқаларын қолайлы кезеңдерде оқитын. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құтбаларды қағазға қарамай, суырып салма түрінде оқитын. Құтбада көбіне хабарлы сөйлем қолданатын еді. Сөз қадірін асырғысы келгенде, сұрақ-жауап түрінде әңгіме қозғайтын. Құтбасының әсерлі жерлерінде барлық денесі дірілдеп кететін кездері де болған.

76. Әбу Дәуіт, Әдеп, 155.

77. қар. Кәшфул-Хафа, I, 200; Ибн Сағд, Табақат, I, 71.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дінге шақырушы, оны уағыздаушы пайғамбар ғана емес, бағындырушы, әскер басы, сот және мемлекет басшысы да еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дінге шақырғанда оның сөздерінен дінге деген мақтаныш пен шаттану тебіренісі көзге ұрып тұратын еді.

Оның айтқан сөздері тыңдармандарын мұғжизалық (пайғамбарларға тән керемет) әсерде қалдыратын және тас жүректілердің өзін жібітетін еді. Тебіреніп тұрып айтқан сөздері қобалжыған сезімдерді басып тастайтын және бір-бірімен әлмисақтан жауласып келе жатқандардың жүректеріне мейірім ұялататын. Әус және Хазреж тайпалары арасындағы жеті аталарынан бері бітпей келе жатқан текетірес пен бәсекелестіктің шешілуіне Оның мұғжизалық араша түсуі нүкте қойды. Мұсталық соғысынан қайтарда мұнафиқтар ансар мен мұхажирлердің араларына жік салуды көздеген еді. Бірақ Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дер кезінде келіп, екі жақтың да өкпе-ашуларын басқан еді.⁷⁸

12. Жорық кезіндегі іс-амалдары

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жиһад пен ұмра (қажылық уақытынан басқа кезде Қағба мен Меккенің өзге де қасиетті, киелі жерлеріне зиярат қылып бару) үшін сапарға шығарында өзімен бірге қай әйелінің жүретінін жеребе тастау арқылы шешетін еді.

78. Бұхари, Тәфсиру сурә, (63), 3.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жолға кебіне бейсенбі күні танертең ерте шыққанды жөн көретін. Жануарларына мінерде «Бисмилләһ» деп, отырған соң үш рет тәкбір айтып, шүкіршілік ететін. Жолда биік төбелерге шыққан сайын тәкбір (Аллаһты ұлықтау – «Аллаһу Әкбар» деп айту) айтатын, ал, төмен түскен сайын тәсбих (Аллаһты бүкіл кемшіліктерден пәктеу – «сүбханаллаһ» - деп айту) тартатын еді.

Ең ауыр саяхаттарының өзінде әрдайым Аллаһты аузынан тастамай, атының үстінде жүзі Құблада ма, әлде басқа жақта ма, оған қарамай, нәпіл намазын оқи беретін еді. Өйткені, Құранда: **«Қай жаққа қарай жүрсеңдер де жүздерің Аллаһқа қарай бағышталған»**, - делінген.⁷⁹

Сапардан оралған соң алдымен мешітке барып, екі рәкағат намазын оқып, содан кейін үйіне барып, үй-ішімен көрісетін еді.⁸⁰

13. Кездесулері мен зияраттары

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзімен кездесуге (ақылдасуға) келген зияратшыларды қабылдағанда амандасу үшін алдымен өзі қол созатын, ал қол алысып тұрғанда қолын бірінші болып тартып алмайтын. Біреу құлағына бір нәрсе айтқысы келсе, сөзін бітірмей, жүзін оған бұрмайтын.

Зияратқа келген қонақтары алдымен сәлем беріп, рұқсат сұрайды, сосын барып құзырына кіреді.

79. Бақара сүресі, 115-аят

80. Әбу Дәуіт, Жиһад, 178.

Пайғамбарымыздың өзі де біреуге зиярат етуге барса, есіктің оң, не сол қанатына тұрып, «Ассаламу алейкум» деп, ішке кіру үшін рұқсат сұрайды, рұқсат етілсе кіреді, естілмесе кері қайтатын еді.⁸¹

Сахабаларының бірімен кездесіп қалған кезде онымен қол айқастырып амандасып, оның қолын қатты қысатын.

Бір күні жолда мұнафиқтар мен мұсылмандардың бірге отырғандарын көріп, барлығымен сәлемдескен еді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ауру адамдардың көңілін сұрауға қатты көңіл бөліп, ондай адамдарды зиярат ету мұсылмандардың міндеті екендігін үнемі айтатын.

Науқас адамның көңілін сұрап барғанда, оны өмірге үміттендіріп, тамыр соғысын қолымен ұстап көріп, киелі қолын маңдайына басатын еді. Ем қонуы үшін Аллаһ Тағалаға дұға қылып, ауру адамға «иншаллаһ айығып кетесің» - дейтін.

Егер біреу көңілге тиер сөз айтатын болса, оған қатты ренжитін. Науқас адамдардың өлім жайындағы ойларын сейілтіп көңілдерін көтеретін.⁸²

14. Жалпы игі істері

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оң қолымен жұмыс істегенді жақсы көретін. Аяқ

81. қар. Тәжриди Сарих аудармасы (ауд. Камил Мирас), Анкара 1972, IV, 284.

82. Тирмизи, Тыбб 35; Ибн Мәжә, Жәнайз, 1

киімін киерде алдымен оң аяғын киетін еді. Мешіттің табалдырығын оң аяғымен аттайтын және бір нәрсе тарататын болса алдымен оң жағындағылардан бастайтын. Бір істі бастарда «бисмилләһ» деуді ұмытпайтын. Киімді де оң жағынан киіп, сол жағынан шешетін.

Хазіреті Әнәс (радиаллаһу анһу) айтады: «Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні үйіме келіп, су сұрады. Ал мен сүт бердім. Ішті. Оның сол жағында Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу), алдында Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу), ал оң жағында бір бәдәуи (ауылдық араб) отырған еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүтті ішіп болған соң, Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу), ыдысты Хазіреті Әбу Бәкірге (радиаллаһу анһу) берейін дегенде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ыдысты оң жағында отырған бәдәуиге беруін өтінді».⁸³

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларын, және баласы бар әйелдерді күниелерімен⁸⁴ шақыратын еді. Баласы жоқ әйелдер мен балаларға да күние тауып барып шақыратын еді. Осылайша, барша жұрттың көңілін көтеріп жүретін».⁸⁵

83. Бұхари , Әшрибә 18; Әбу Дәуіт, Әшрибә 19.

84. Күние: Өзі аты мен лақап атынан бөлек қолданылатын және «әбу, ибн, бинт, үмм (әке, ұл, қыз, ана) » сияқты сөздермен айтылатын тәртіп.

85. қар. Әбу Дәуіт, Әдеп, 77, 78.



ЕКІНШІ БӨЛІМ

*Пайғамбарымыздың
Ғибадаттары мен Тақуалық Өмірі*

А. ҒИБАДАТТАРЫ

Аллаһ Тағаланың тәрбиесін алған және әрқашан Оның бақылауында болған аса абыройлы Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үнемі бір ғибадат күйінде жүретін. Әрдайым Оның айтқандарына сәйкес, ризалығына лайық істермен айналысатын. Соңғы демі шыққанша Аллаһқа деген құлшылық-ғибадаттардың қалай орындалатынын іс жүзінде көрсетіп, үйретіп кетті.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ғибадат етуді жаратылысынан жақсы көретін және нұрлы қабақ пен көңіл қуанышына ғибадаттың арқасында жететін. Тіпті, Пайғамбар болмастан бұрын Мекке маңындағы Хира үңгірінде жалғыз қалып, біраз уақыт ғибадат қылған еді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірінде барлық рухани жан-дүниесімен ғибадаттан үлкен ләззат пен қуаныш алатын. Намаз оқып отырғанда оның кеудесінен бұрқ-сарқ етіп қайнап жатқан қазанның дыбысына ұқсас тебіренуге және толқуға толы үндер естілетін. Түні бойы азанға дейін намаз оқығандықтан аяқтары ісіп кететін. Түнде тәһәжжүд намазын оқу Ол үшін уәжіп еді. Өйткені, Құранда: **«Түнде тұрып өзіңе ғана арналған**

тәһәжжүд намазын оқы!» - делінген.⁸⁶

Тәһәжжүд намазынан кейін біраз тынығып алатын да, таңғы азанмен қайта оянатын. Сүннет пен нәпіл намаздарын парыз болған намаздарға қарағанда тез оқитын, ал парыз болған намаздарда Құранның ұзақ сүрелерін оқитын. Бесін мен екінті намаздарында таң намазында оқыған сүрелерінен қысқа сүрелер оқитын. Соның өзінде бесін намазының алғашқы рәкағатында отыз, екінші рәкағатында он бес, немесе жиырма, ал екінті намазында он бес аяттан оқыған кездері болған еді.

Тәһәжжүд намазынан бөлек духа намазы мен үтір намазы да Ол үшін уәжіп еді.⁸⁷

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) салмақты әрі байсалды еді. Ғибадат пен зүһдтік өмірде де астамшылықтан сақтанып, басқаларды да сақтандырып жүретін еді. Әнәс бин Маликтің (радиаллаһу анһу) риуаяты бойынша мынадай оқиға айтылады. Үш кісі бір күні Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ғибадаттары жайлы білгілері келіп, әйелдеріне барады. Әйелдері Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ғибадат өмірі жайлы айтып бергенде, олар бұл айтылғандарды азсынып: «Әрине, Ол – пайғамбар, Оның өткен-кеткен бүкіл күнәлары кешірілген. Біз Ол сияқты бола алмаймыз», - дейді. Іштерінен

86. Исра сүресі, 79-аят.

87. Ахмед бин Ханбәл. I, 231.

біреуі: «Мен өмірімнің соңына дейін түн бойы ұйықтамай, құлшылық етіп өтемін (қайм боламын)», - дейді. Келесі біреуі: «Ал мен өмір бойы күндіз ораза тұтып, оразасыз күн өткізбеймін (сайм боламын)», - дейді. Ал соңғысы: «Ал мен жер басып жүрсем, еш әйел затына жоламай, үйленбей өтемін», - дейді. Бұл жағдайдан құлағдар болған Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұсылманшылықты асыра сілтеп, мұсылманшылық үшін өздерінше шешім қабылдаған ол адамдарға былай ескерту айтқан еді: *«Естеріңде болсын! Аллаһқа ант етемін, іштеріңде Аллаһтан ең көп қорқып, Оны аса құрметтейтіндерің – менмін. Соның өзінде мен оразаны кейде ұстаймын, кейде ұстамаймын, Түнде намаз оқимын да, ұйықтаймын да. Әйелдерге де үйленемін. Менің сүннетімді орындамағандар – менен емес!»*⁸⁸

1. Зікірді аузынан тастамауы

Аллаһ Тағала Құранда: **«Олар (мүминдер) тұрса да, отырса да және жантайып жатса да (әрқашан) Аллаһты зікір етіп естеріне алады».**⁸⁹

«Қандай керемет адамдар бар - ешқандай саудасаттық олардың Аллаһты зікір етулеріне бөгет бола алмайды», - дейді.⁹⁰

Құранды жеріне жеткізе баяндаған Ол ұлы көсем осы өмір мен сипаттардың ең керемет және ең жарқын үлгісі.

88. Бұхари, Никах, 1; Мұслим, Никах, 5; Нәсаи, Никах, 4.

89. Әли-Имран сүресі, 191-аят.

90. Нұр сүресі, 37-аят

Хазиреті Айша (радиаллаһу анһә) анамыз бізге Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмір бойы Аллаһ Тағаланы зікір етіп оны ұлықтағанын айтады. Ол бір сәт те болса зікірден айрылмай өмір сүрген. Отырғанда, жатқанда, жүргенде, ұйықтағанда, дәрет алғанда, саяхатқа шыққанда, үйінен шығарда, мешітке бара жатқанда, жаумен соғысқанда әрқашан Аллаһты зікір етіп, әрқашан Оның есімін ұлықтап жүретін еді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдарды зікір етуге әуестендіріп, былай дейтін:

*«Істеріңіздің ең жақсысы, Раббыңыздың алдында ең таза, дәрежелеріңізді барынша көтеретін және алтын-күмісті садақа етіп бергеннен де қайырлы іс, ол - Аллаһты зікір етулеріңіз».*⁹¹

Әбу Саид әл-Худри Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұрайды:

«Уа, Расулаллаһ! Қиямет күні Аллаһ құзырында дәрежесі ең жоғары болатын құлдар кімдер?» Аллаһ Расулі былай дейді:

*«Аллаһты көп зікір еткендер (еске алғандар)».*⁹²

Пайғамбарымыз үшін зікір айтып жүру (шұғылдану) адамдарды тұтқыннан босатудан да қайырлы еді. Ол:

«Аллаһты зікір етуге отырып, күн шыққанша Оны ұлықтау (тәқбир, Аллаһу Әкбар), мадақтау (Тахмид, Әлхамдулиллаһ), күллі кемшіліктерден пәк қылу (Тәсбих,

91. Тирмизи. Дағуат 6: Муатта, Құран 24, ибн Ханбәл, V, 239, VI. 447.

92. Ахмед бин Ханбәл. III, 75

Субханаллаһ) және Оны бірлеу (тәһлил, лә иләһа иллаллаһ) ісі, мен үшін - Исмайл пайғамбардың әулетінен екі немесе одан да көп құлды азат етуден артық», - деген.⁹³

2. Аллаһтан қорқуы

Хазіреті Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) - пайғамбарлардың соңғысы, адамзат атаулысының ең кемелдісі және Аллаһтың сүйікті құлы бола тұра Аллаһтан қорқатындығы соншалықты, кейде «*Мах-шар күні қандай күйге түсер екенмін?*» деп, Аллаһтан қорқып, нұрлы көздерінен жас аққан кездері болған екен.

Бір күні Абдуллаһ бин Мәсғуд (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құзырында Ниса сүресінің: «(Әй Мұхаммед! Қиямет күнінде) **Әрбір үмбетке өз ішінен бір куәгер (пайғамбар) және бұларға (үмбетіңнің имансыз бұзықтарына) сені куәгер етсек олардың халы не болмақ?»** - деген 41-ші аятын оқыған кезінде, Расулұллаһтың көздерінен жас парлап қоя берген.⁹⁴

Аласапыран дауыл соққанда қайғырып, қандай да бір маңызды жұмысы болса, дереу тастай сала Құбылаға қарап: «Ей, Жаратқан Ием! Келуі ықтимал пәлекеттерден қорғанып, сені паналаймын»⁹⁵ - дейтін де, күн ашылған кезде шүкіршілік етіп, мақтауын жаудыратын еді.

93. Ахмед бин Ханбәл, V, 225.

94. Бұхари, Фадайлүл-Құран, 33; қар. Ихия, II, 243.

95. Тирмизи, Әбу Дәуіт. 98.

Бір күні тағы да осындай аласапыран дауыл соғады. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайғырады, Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) Оның не үшін қайғырып отырғанын сұрағанда:

- *Гуд тайпасы ұшыраған жағдайға ұшырамасымызды қайдан білесің? Гуд тайпасы да бір бұлтты көріп, «бұл бұлт біздің егісімізді суарады» деп ойлаған, бірақ, сол бұлт олардың өзін жойып жіберген».*⁹⁶

Убай бин Кағб (радиаллаһу анһу) айтады: - Түннің үштен екісі өткен соң Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

*«Әй, иман еткендер! Аллаһты еске алыңдар. Аллаһты зікір етіңдер. Зілзала жақындап қалды, Оның соңынан талай қиын істер пайда болады. Өлім - өзінен кейінгі жағдайларымен және нәтижелерімен, мен-мұңдалап тұр»*⁹⁷ - дейтін.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұнымен қатар: *«Сендер мен білетінді білсеңдер, аз күліп, көп жылайтын едіңдер»*,⁹⁸ - деген.

3. Аллаһқа деген махаббаты

Пайғамбарлар Аллаһқа бағынуға жұртты екі жолмен шақырған. Бір тобы Аллаһтың жалалы (ұлылығы) мен күшін көріп, адамдарды Аллаһтың ашуымен және азабымен қорқытып, Аллаһқа бағынуға шақырған.

96. Әбу Дуәит, Әдеп, 113.

97. Тирмизи, Қиямә, 23

98. Бұхари, Күсуф 2; Мүслим. Салат 112; Нәсаи, Сәһү 102; Тирмизи, Зүһд 9; ибн Мәжә, Зүһд 19.

Бұларды «Мунзирын» дейді. Мәселен Хазіреті Нұх (*аләйһиссәләм*), Хазіреті Мұса (*аләйһиссәләм*) сияқтылар. Ал, келесі топ Аллаһтың жамалы мен жақсылықтарын айтып, адамдарды мейірім, махаббат, ғашықтық және жәннатпен қуантып, Хақ жолына шақырған. Олар Хазіреті Яхия (*аләйһиссәләм*), Хазіреті Иса (*аләйһиссәләм*) сияқтылар. Екі топ та өздері жіберілген кезеңнің қажеттілігіне сай қасиеттерге ие болған. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) – осы екі ерекшелікті тең дәрежеде ұстай білген пайғамбар. Осыған байланысты Құранда:

«Сөзсіз, Біз сені рахметімізбен қуантушы, ал азабымызбен қорқытушы қылып, хақ болған Құранмен жібердік»,⁹⁹ - делінген.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Құран тілімен айтқанда «өткен және алдағы бүкіл күнәлары кешірілгендігі»¹⁰⁰ жайында хабарланған пайғамбар екендігіне қарамастан, қозғалмастан аяқтары ісіп кеткенше түнгі намазын оқитын. Мұны көрген әйелдері Одан:

«Ей, Расулұллаһ! Сен Аллаһтың кешіріміне бөленген пайғамбарсың. Өзіңді неге мұнша қинайсың?» - деп сұрағандарында, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай жауап береді:

*«Бұл үлкен нығметтің шүкіршілігін өтеу керек емес пе?».*¹⁰¹

99. Бақара сүресі, 119-аят.

100. Фәтх сүресі, 2-аят.

101. Бұхари, Тәһәжжүд 6.

Бұл хадис Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құлдығы мен ғибадатының Аллаһтан қорыққанынан емес, Аллаһқа деген махаббаты және құлшылыққа деген құмарлығынан болғанын көрсетеді. Өйткені Ол үшін оқылған екі рәқағат намаздан алған ләззаты дүниедегі бар ләззаттардан артық еді. Құранның баяндауы бойынша имандылар үшін Аллаһқа деген махаббат барлық нәрседен жоғары, мәртебелі болады. **«Мүминдердің Аллаһты сүйі - барлық нәрседен мәртебелі».**¹⁰²

4. Аллаһқа деген сенімі

Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірбаяны оқылған кезде өмірінде ең зор пәлекеттер, көп қырсықтар, өте қиын жәбір-жапалар бола тұрса да Оның жүзінен үрей, қобалжу және үмітсіздік секілді құбылыстар байқалмайтыны көріледі. Хазіреті Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Меккеде жалғыз өзі, қамқорсыз өмір сүрген кезінде бірталай ауыр азаптар көрген-ді. Ұхұд және Хұнайн соғыстарында да ең қорқынышты қауіп-қатермен бетпепет келген кезінде де сол баяғы қайратты күш-жігері мен мықты бекемділігін көрсеткен. Көкесі Әбу Талиб бұл даудан бас тартуын айтқан кезінде:

*«Көке, «жалғыз қалдың» - деп ойлама. Хақ жалғыз қалмайды. Күндердің күнінде Арабтар да, басқалар да қабылдайды»*¹⁰³ - деген.

102. Бақара сүресі, 165-аят.

103. Асры сағадат II, 53.

Бір күні асхабтарының біріне: *«Ант етемін, бұл діннің кемелденер күні өте жақын. Сол кезде жүректерде Аллаһ қорқынышынан басқа ешқандай қорқыныш қалмайды»*, - дейді.¹⁰⁴

Хижрет (көш) кезінде Құрайшытықтар Оны өлтіруге бел байлаған еді. Үйі қоршауға алынған Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аяғының ұшымен басып жүріп, Әлиді (радиаллаһу анһу) орнына қалдырып, оған түнді осы төсекте жатып өткізуін өтінген еді.

Сол түні осы төсекте жатқан кісі өлтірілуі тиіс еді. Хазіреті Әли (радиаллаһу анһу) бұл өтінішті аса ыждахаттылықпен орындап жатқан еді. Ал, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса төсегін қалаған уақытында раушан бағына айналдыруға күші жететін Аллаһ Тағалаға сеніп, артына қайырылып қарамастан, үйден жасырын шығып, ұзап бара жатқан еді.

Үйін дұшпандар тарапынан қоршап алған Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Раббының әміріне бас иіп және оған сеніп, өзінің Хақ Пайғамбар екенін бекіткен Ясин сүресінің алғашқы аяттарын оқып, үйінен шығып кеткен еді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Нәжид соғысынан қайтып келе жатқанда асхабымен бірге бір ағаштың көлеңкесінде тынығып жатып шаршағандықтан ұйықтап кетеді. Пайғамбарымыздың қылышы ағаштың үстінде ілулі тұр еді, осы кезде сол жерден өтіп бара жатқан бір бәдәуи осы жағдайды

104. с.к. II, 54 (Бұхаридан)

пайдаланып, Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлтіргісі келеді. Аллаһ Расулі оянып кеткен кезінде бәдәуидің қылыш алып, үстіне төніп келе жатқанын көреді. Бәдәуи айқайлап:

«Сені менің қолымнан енді кім құтқара алады?» - дейді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«*Allah!*» - дегенінде, бәдәуидің қолындағы қылыш жерге түсіп кетеді.¹⁰⁵ Міне, бұл Оның Аллаһқа деген сенімі мен шынайы берілуі.

5. Сабыр етуі және шүкіршілігі

Оның өмірі – Құдайдың бүкіл әмірлерін бұлжытпай орындағанының куәсі. Ол пәлекет-бәлелерге сабыр етіп қайыр мен нығметке жеткенде шүкіршілік ететін. Асхабының бірі бір күні ең үлкен бәлеге кімдер ұшырайтынын сұрайды. Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

*«Түрлі бәлелерге басқалардан гөрі пайғамбарлар көп ұшырайды. Ал, басқа адамдар рухани мәртебелеріне (имандағы дәрежелеріне) қарай сыналып, пәлеге ұшырайды».*¹⁰⁶

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ның өмірі осы баянға сәйкес келеді. Ол бүкіл пайғамбарлардың көсемі болғандықтан олардың арасында пәлекет пен бәлеге көп ұшырағаны еді. Оның өмір жолын зерттегендер Оның өмірі бастан аяқ азап пен машақаттарға толы екендігін айтады. Құран оған сабырлы болу керектігін ескертеді:

105. Асры сағадат II, 55.

106. Тирмизи, Зүһд 57; ибн Мәжә, Фитән 23; Дарими. Рикақ 76.

«(Әй, Мұхаммед! Мүшриктердің тауқыметіне) **Сен жігері мұқалмаған пайғамбарлардың табандылығындай сабырлы бол**».¹⁰⁷

Ол да бүкіл азаптарға Аллаһқа сүйеніп, сабыр еткен.

Адам баласы өткінші пәлекеттер мен азын-аулақ соққыларға төзе алады. Алайда, бірінен соң бірі келген пәлекеттер мен бәләлерге төзу мүмкін емес Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хижреттен бұрынғы Меккедегі он үш жылын машақатпен, қиыншылықпен, азаппен өткізген. Мекке мен Тайфтың тасжүрек қарақшылары Оны он үш жыл бойы мазақ еткен. Оны әр түрлі азаптарға дұшар етіп, әр түрлі қорлық пен әдепсіздік көрсеткен. Бұл азап-қорлықтардың барлығына тек Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сияқты ең мықты пайғамбар ғана төзе алатын еді.

Үлкен істерде керемет табысқа жеткен кемеңгерлер, ордабасы мен жеңімпаздар бұл табыстарын өздерінің ақыл, парасаттылық пен білімділіктерінен деп ойлады. Бірақ, Аллаһқа жақын кісілер бұл табыстың Аллаһтың сый-сыяпаты екенін біліп, Оған шүкіршілік етеді. Ал, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) нығмет пен жеңіске қолы жетсе, дереу Аллаһқа сыйынып шүкіршілік сәждесіне жығылатын. Меккені аларда Зитуа деген жерге жеткенде, өзін Аллаһ Тағаланың табысты еткендігін біліп, түйесінің үстінде сәждеге жығылған еді.

107. Ахқаф сүресі, 35-аят.

В. ЗҮҮДТІК ӨМІРІ

Зүһд – әлем мен дүние-малға мән бермей, оған қызығушылықты жүректен алып тастау. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниеге қызықпағандықтан өте қарапайым ғана өмір сүретін. Тапқан-таянғанын ішіп-жеп, киініп, жерге отыруға да ұялмайтын. Дүниеден өткен кезінде Ислам мемлекетінің шекаралары Йеменнен Сирияға дейін ұлғайған шақта да Оның киімінде екі жамау бар еді.

Бір ретінде Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Әли (радиаллаһу анһу) үйіне шақырған. Әлидің (радиаллаһу анһу) үйіне келгенде Хазіреті Фатиманың (радиаллаһу анһә) қабырғаларды жапқыштармен (ормалдармен) сәндеп қойғанын көріп, тамақ жеместен қайтып кетеді. Хазіреті Әли (радиаллаһу анһу) мұның себебін сұрағанда Ол:

*«Сәнді жерге кіру бізге жараспайды!» - деген.*¹⁰⁸

Тағы бір жолы сапардан қайтқанда Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) үйдің төбесін орамалдармен сәндеп қойғанын көріп, оларды дереу алдыртып тастаған.

Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жібектен тігілген киім сыйлыққа берілген еді. Оны арқасына жамылып, намаз оқыпты, бірақ намаздан кейін:

*«Тақуалар мұндай нәрсені пайдаланбауы керек», - деп, шешіп тастаған.*¹⁰⁹

108. Асры сағадат II. 90.

109. Бұхари, Либас 12.

Ибн Мәсғуд (радиаллаһу анһу) айтады: «Бір күні Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бөлмесіне кірдім. Алашаның үстіне ұйықтапты. Ал алаша Оның киелі денесіне батып, із қалдырған. Мен: «Ей, Расулұллаһ! Алашаның үстіне бір нәрсе салайық па?» - дедім. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

*«Дүние мені қызықтырмайды. Дүние мен менің мысалым бір ағаштың астында біраз уақыт демалған соң, ол жерді тастап кететін жолаушы сияқты», - деп бұйырды.*¹¹⁰

Хазіреті Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «мектебі» - зүһд пен қанағат мектебі. Ол мектепте күніне бір дирхам (күміс ақша) жұмсап, Аллаһты және Оның құлдарын барынша қуантып, қала мен мемлекет басқаратын үлкен басшы, әкімдерді, әрі әулие құлдарды тәрбиелеген.

Ибн Хишамның Зәйд бин Асләмнан (радиаллаһу анһу) алған риуаятына қарағанда, Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Үсәйд ұлы Аттабты (радиаллаһу анһу) Меккенің әкімі етіп тағайындап, айлыққа күніне бір дирхам берген.

Жаңа әкім халыққа құтба оқып, былай дейді:

Ей, адамдар! Аллаһ біреудің мұқтажын толықтырды. Расулұллаһ маған күніне бір дирхам береді. Мен біреудің сыйлығына (көмегіне) мұқтаж емеспін».

Бұл сөз бізге бір дирхаммен, яғни ең төменгі

110. Тирмизи, Зүһд 44

қалыпта күн көрісін қамтамасыз еткен және осыған қанағат тұтып, өмірін ұлы даумен өткізуге бел буған ұлы адамды көрсетеді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні мешіттен шыққанда, Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Омарды (радиаллаһу анһу) жолықтырады. Олардан не үшін сыртқа шыққандарын сұрапты. Олар «аштықтан» дейді. Расулұллаһта (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мен де солай», - дейді.

Үшеуі бірден Әбу Хәйсәмнің үйіне барады. Әбу Хәйсәм пышақ сұрап алып, бір қой сояды. Құрма ағашына іліп қойған торсығындағы тәтті суды да әкелді. Олар дастарханға отырып, ет жеп, су ішті. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Бүгінгі тамақтың да есебін бересіңдер», - деді.¹¹¹

Қатты жақсы көретін қызы Хазіреті Фатима (радиаллаһу анһә) да кедей тұратын. Қол диірменмен үн тартады, құдықтан су алады. Тіптен осыдан қолдары жараланған кездері де болған. Бір күні әкесі Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тұтқындардың біреуін көмекші ретінде сұрады. Бірақ Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның тілегін орындамады. Хазіреті Әлиге (радиаллаһу анһу):

«Асхабы суффа осындай таршылық көріп жүргенде, сендер мұндайды қалай сұрай аласыңдар?» - дейді.¹¹²

111. қар. Әбу Дәуіт, Әтғимә, 54; Тирмизи, Зүһд 39.

112. Асры сағадат II, 70.

Ұтбә ұлы Аун айтады: «Байлармен араласып тұратын едім, Менікінен жақсы киімі немесе көлігі барларға қызығатынмын. Сондықтан менен артық қайғыратын ешкім жоқ еді. Кейін Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Егер өздеріңнен бақуатты, тұрмысы жоғары біреуді көрсеңдер, сол кезде өздеріңнен төмен тұратын жандарға көз салыңдар. Бұл Аллаһтың сендерге жүктеген нығметтеріңді кемсітпеулерің үшін керек»*, - дегенін естіген соң, кедейлермен достық қарым-қатынаста болып, рахатқа бөлендім».

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүние нығметтеріне (игіліктеріне) құмар, әуес емес еді. Ол: *«Адам баласына бұл дүниеде керек нәрселер; тұратын үйі, киер киімі және тамағы мен суы»*,¹¹³ - дейтін еді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен асхабы үшін байлық пен кедейшіліктің өлшемі мына хадис еді:

«Кімде-кім малы мен жанын қауіпсіз деп біліп, дені сау әрі бір күндік тамағы болса, бүкіл әлем соның қолында тұрғандай болады».¹¹⁴

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабалары мен адамзатқа үйреткен зүһд пен қанағат осы.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

113. Тирмизи, Зүһд 30.

114. Тирмизи, Зүһд 34.

байлық пен дүниеден қорықса да, кедейліктен қорықпайтын, қажетсіз ақша жинауды жақсы көрмейтін. Өзі қарыздарынан басқа, үйінде екі алтынның үстіне үшіншісін сақтамайтындығын айтатын.¹¹⁵

Әбу Умарәтул-Ансари (радиаллаһу анһу) айтады: «Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жанында дүние жайлы сөз болды. Ол: *«Естімедіңіздер ме? Бәзәзә (киім мен зейнетте қалыптылық) мен қарапайым киім иманнан»*,¹¹⁶ - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тамақ жегенде де зүһд пен қанағат иесі еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Адам баласына денесін тік ұстап жүруге жарарлық бірнеше жұтым тамақ жетеді»*,¹¹⁷ - деген еді.

Қызметшісі Әнәс (радиаллаһу анһу) айтады: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үшін қамыр иленіп сапалы нан пісірілгенін және Оның бай дастархан басында отырып тамақ жегенін ешқашан естігенім жоқ және көрмедім де.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зүһд түсінігі мынадай еді:

«Дүниеде зүһд дегеніміз – халал нәрсені харам деп қабылдау және мал-мүлікті құрту емес. Негізінде зүһд – Аллаһтың қолындағысына өзқолындағысынанда артық сену, бір бәлеге кез болғанда (шығынға ұшыраған кез-

115. Бұхари, Зекет 4.

116. Әбу Дәуіт, Тәрәжжул, 2.

117. Ибн Мәжә, Өтима 50.

де), кеткен малдан гөрі бәленің (шығынның) сауабына көңіл бөлу».

Құрған мемлекеті әлемнің ең құдіретті мемлекетіне айналғанның өзінде де және өзі осы мемлекеттің іс жүзіндегі басшысы бола тұрып, дүниеге құмартпаған. Астына көрпеше де төсемей, көбінесе жерге отыратын. Бай болғаннан гөрі кедей болып өмір сүргенді жақсы көретін, таңертеңге дейін аштықтан белі бүгіліп кетсе де, ертесіне қайтадан ораза тұтудан бас тартпайтын. *«Мен үшін жігерлі пайғамбар достарыммен қауышудан және олардың төзгендеріне төзуден артық абыройлы нәрсе жоқ»*, - дейді Ол. Кедейшілік әрі зүһдтік өмірі керекті дүниені таба алмағанынан немесе ие оған бола алмағанынан емес, дүниеге қызықпайтындығынан еді.



ҮШІНШІ БӨЛІМ

Пайғамбарымыздың Ерекше Мінезі

А. КӨРКЕМ МІНЕЗИ

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көркем мінез-құлықты толықтыру үшін жіберілген және Құрани баян бойынша¹¹⁸ Ол ең көркем мінез үлгісі болған Пайғамбар. Негізінде оның ата-бабасы да адамзатты кемелдендіруге және тура жолға салуға міндетті болған, әрі өмірлері мінсіз, көңілдері таза, жүректері күнәдан пәк һидаят (тура жолға бастаушы) елшілерінен және көсемдерінен тұрады. Бұл көсемдердің өмірлері барлық тұрғыдан адамзат өмірінің ең кәмілі еді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзін Аллаһ Тағала тәрбиелегенін айтады.¹¹⁹ Бұл сөз Пайғамбарымыздың өте ұлы мінез-құлық иесі екендігін көрсетеді. Ол айтқанын алдымен өз нәпсісі мен жеке басынан өткізетін уағыздаушы еді. Басқаларға түсіндіріп, үйреткен әдептілік пен көркем мінез негіздерін ең керемет түрде өзі орындайтын.

Өмірінің аса құпия сырларына қанық болған әйелдері - Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) мен Хазіреті Хадиша (радиаллаһу анһә) аналарымыз. Хазіреті

118. Ахзаб сүресі, 21-аят; Қалам сүресі, 4-аят.

119. Кәшфул-Хафа I-том 70.

Айша (радиаллаһу анһә): «*Оның мінез құлқы Құран еді*», - дейді.¹²⁰

Ал, Хазіреті Хадиша (радиаллаһу анһә) алғашқы уахи кезінде толғанған Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жоғары мінез-құлық қасиеттерін атап былай жұбатуға тырысқан еді: «Аллаһ Тағала сені мүлдем қинамайды. Өйткені сен жақындарыңа құрмет керсетіп, қарыздардың қарызын беріп жүрсің және кедей-кешіктерге көмегіңді аямай бересің, әрі қонағыңды жақсы күтесің, шындыққа тіреу болып, мұқтаж жандарға көмекші болып жүрсің».¹²¹

Мына аят-кәрима Оның мейірімділігі мен рақымдылығын көрсетеді:

«Егер сен дөрекі және тас жүрек болғаныңда, олар (мүміндер) сенің маңайыңнан тарқап кетер еді».¹²²

Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) анамыз Ол жайлы тағы да мыналарды айтады:

«Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ешкімге ұрыспайтын, жамандық жасағанға қарымта қайтаруға тырыспайтын, яғни «таспен ұрғанды аспен ұратын еді». Өзіне жасалған жамандықтарға көз жұма кешіріммен қарайтын. Бір адам туралы қабылданатын екі шешімнің біреуін таңдау қажет болса, күнәға батпайтын жағын ойлап, дұрыс шешімді қабылдайтын. Иләһи әмірлерге қарсы шыққандарға

120. Мүслим, Мусафирин 139; Әбу Дәуіт, Тафауу 26.

121. Бұхари, Бәдул-Уахи, 1.

122. Әли-Имран сүресі, 59-аят.

тиісті жазасын беретін».¹²³

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ешбір мүсылманды атын атап қарғамаған, әйелді, құлды, күнді, қызметшіні және хайуанды ұрмаған. Барлық адамның ақ ниетті тілектерін қабылдаған.

Хазіреті Әли (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) немере ағасының ұлы, әрі күйеу баласы Онымен бірге өсіп, пайғамбарлық басталғаннан Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болғанға дейін жиырма үш жыл бойы Онымен бірге болған адам. Бір күні, ұлы Хұсайн (радиаллаһу анһу) атасының мінез-құлқын айтып беруін сұрайды. Хазіреті Әли (радиаллаһу анһу) былай жауап береді:

«Хазіреті Пайғамбар жарқын жүзді, жұмсақ мінезді және нәзік жүректі еді. Ешқашан дерекі қатыгез мінез танытпаған. Оның аузынан ешқашан әдепсіз сөз шықпайтын. Басқа біреулердің әрекетін сынап, кінәламайтын, ұнатпайтын жағдайға тап болса, ешнәрсе айтпайтын, осындай іс-әрекет жасаған адам өз ісінің дұрыстығын дәлелдегісі келсе Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны айыптамай және ренжітпей-ақ істеген әрекетінен бас тартқызатын, немесе разы емес екендігін үнсіз сездіретін. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі үшін үш нәрседен сақтанатын:

123. Бұхари, Худуд 10; Мұслим, Фадайлүн-Нәби, Әбу Дәуіт, Әдеп, 5.

-
1. Айтыс-тартыс пен ерегісуден.
 2. Керексіз артық сөз сөйлеуден.
 3. Өзін қызықтырмайтын істермен шұғылданудан.
- Ал басқалары жайлы да үш нәрседен сақтанатын:
1. Біреуді сынаудан.
 2. Біреуді қорлап, кемсітуден.
 3. Біреудің сырларын білуге тырысудан.¹²⁴

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барлық істері мен қызметтерін күні бұрын белгілеп қоятын; Ғибадат уақыттарын бөліп, ұйқы мен тынығу, қонақ пен зияратшыларын қабылдау мезгілдерін де алдын ала жоспарлайтын.

Пайғамбарымыз барлық адамдармен тең дәрежеде қатынас жасайтын, ешкімді бөліп-жарып бөлектемейтін.

Егер біреу Ол қаламайтын бір нәрсе істеп қойған болса, оған атын атап ескерту жасамайтын. «*Кейбірлері былай жасайды, олай етеді*» деген сияқты сөздермен ұнатпаған іс-әрекеттерін сынайтын, осылайша ешкімді ренжітпей, біреуді өзгенің алдында ұялтпай, насихаттар айтатын.

Сахабалары көрінбей қалса, оларды сұрастыратын еді. Неліктен келмегендерін, не үшін көрінбегендерін елжұрттан сұрап білетін. Сахабаларын жалықтырмауға да аса назар аударатын. Іс-әрекетінде орта жолды қалайтын. Хақ пен құқық бойынша барлық адам Ол үшін тең еді. Оның алдында абзал болудың жалғыз шар-

124. Шәмәйлүл-Мухаммәдия, 227-278.

ты тақуалы болу еді.¹²⁵ Сонымен қатар Оған жақын отыратындар үмбетінің ең тақуалылары еді. Оның қасында жүріп дәрежесі өскендер бір-біріне көмектесетін, бір-бірін қорғайтындар еді.

Б. ЕРЕКШЕ СИПАТТАРЫ

1. Жігерлілігі мен батылдылығы

Аллаһ Тағала Құранда пайғамбарларын мақтарда, олар жайлы «жігерлі, табанды пайғамбарлар» дейтін. Пайғамбарлардың соңғысы Хазіреті Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) осы сипатқа толық лайық еді. Он үш жылға созылған қиын-қыстау күндері Оның шешімді байламы мен батылдығын жоя алмаған.

Меккенің көсем кісілері Оған қарсы қолданған зұлымдықтары мен әділетсіздіктерінен еш нәтиже шығара алмаған соң, Оған Араб елінің хандығын, байлығын, ең әдемі әйелдерін ұсынып, бұл райынан қайтуын өтінген еді. Олар бұл зымиян әрекеттерінің әйтеуір бір пайда беретініне сенген еді. Негізінде бұл уәделер ең мықты адамның өзін жібітіп, райынан қайтара алатын еді. Бірақ Ол бұлардың барлығына иілмей, жалған уәдеге қасарысып тұрып алған еді. Осындай жағдайда көкесі Әбу Талиб Оны жақтамайтынын сездірген кездегі көрсеткен байламы мен батылдығы адамзат тарихында бұрын соңды болмаған өнеге-сабақ болды.

«Көке, бір қолыма Айды, бір қолыма Күнді қондырса

125. Ахмед ибн Ханбәл, V, 158.

да, мен бұл ісімнен бас тартпаймын!»¹²⁶

Өмір ағымында мүшриктермен және басқа да мұсылмандықты қабылдамағандармен соғысқан кездерінде байлам мен батылдықтың ең ғажап үлгілерін көрсеткен. Әскерінің аз болуына қарамастан, қалың қолды мүшрик әскерлерін байламы мен батылдығының арқасында тас-талқан еткен еді.

2. Ер жүректілігі мен батырлығы

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзінің ұлы тұлғасына сай ер жүректік пен батырлықтың үлгісі еді (Аты затына сай ер жүрек батыр еді).

Мекке мүшріктері үйін қоршап, оны өлтіруге бел буған хижрет кезеңінде, еш қорықпастан есігін ашып, қолына алған бір уыс топырақты, мүшриктер өзін көре алмасын деген мақсатпен, Ясин сүресінің алғашқы аяттарын оқи отырып, оларға шашып жіберіп, үйден шығып кеткен еді.¹²⁷

Сәуір үңгірінде Әбу Бәкірді **«Қорықпа, Аллаһ бізбен!»** - деп жұбатқан еді.

Он жеті жасында көкесімен бірге Йемен сапарына шыққан еді. Жазық даладан асау, жабайы болып кеткен бір түйе көреді. Жас Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол мезетте алдынан шығып, түйені ноқтасынан ұстап алған еді.

Хазіреті Әли (радиаллаһу анһу) айтады:

- Бәдірде ойран-асыр соғыс жүріп жатқан кезде, біз

126. Асры Сағадет. II, 100.

127. Ибн Хишам, Сира. III, 173-174.

кейде Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) артын паналап соғысатын едік. Ол барлығымыздан батыл еді. Жауға ең жақын жүретін де Сол еді.¹²⁸

Хұнайн соғысында Ислам әскерлері жаудың шабуылына қарсы тұра алмай, кері шегінуге тура келген еді. Бірақ, Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алған бетінен қайтпай, тұлпарымен алға ұмтылған еді. Дұшпандар оны жан-жақтан қоршауға алған еді. Осы оқиғаның ортасында болған Бәрадан:

«Сол күні сен де кері шегінгендер қатарында ма едің?» - деп сұрағанда:

«Йә, мен де кері шегінгендер қатарында едім. Бірақ, Хазіреті Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) орнынан бір табан да кері шегінбеді. Соғыс өрті өрши түскен кезде, барлығымыз Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маңайын паналадық. Оның қасында тұру үлкен батылдық қуаты еді», - деп жауап берген еді.¹²⁹

Хазіреті Әнәс бин Сәбит (радиаллаһу анһу) айтады:

«Арамыздағы ең батылымыз Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) еді. Бір күні Мәдинада жаудың қалаға кіргендігі жайлы хабар тарады. Барлығы қорғанысқа дайындалып жатқан еді. Бірақ, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), сол мезетте тез қимылға көшіп, атқа жайдақ секіріп мініп, қаланың жау басып алды деп айтылған жағына қарай шаба жөнелді. Аллаһ

128. Ахмед бин Ханбәл. I, 126.

129. Мүслим, Жихад, 28

Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жан-жақты өзі тексеріп болған соң, кері оралып, қорыққандардың үрейін басқан еді».¹³⁰

Құрайыштың Оған және Оны қорғады деп немере ағасына қарсы жариялаған қыспағы үш жыл бойы үздіксіз жалғасқанымен Ол үйінде намазын оқып, жасырынбай Құранын оқып, мүшрикерге іс жүзінде осылай қыр көрсеткен еді. Тағы да Ол мүшрикертер көрсеткен жәбір-жападан сақтап, олар өлтіріп кетпесін деп достарын Хабешистанға жіберіп, өзі Меккеде қалып зұлымдықтарға төзуі және жан-тәнімен беріліп өзін қорғаған немере ағасы Әбу Талиб пен аяулы жұбайы Хазіреті Хадишаның (радиаллаһу анһә) қатарынан қайтыс болуларына, тіпті достарының көбінің Мәдинаға көшіп, өз жеке басының Меккеде қалғанына қарамастан күнде Қағбаға келіп ғибадатын және Құран оқуын жалғастыруы Оның ер жүректілігі мен батырлығының теңдесі жоқ екендігін көрсететін ерекшеліктер.

Пайғамбарымыздың ер жүректігімен қатар, «неждет» деген сипаты бар еді. Неждет – қорқыныш пен қауіп-қатер төнген кезде төтенше жағдайларға сабыр мен салмақтылық көрсету, қорқыныштан лайықсыз істер жасамау. Меккеде Құрайыш мүшріктері Оның үйін қоршап, қылыштарын шығарып өлтірмек болғанда Ол еш қорықпастан есігін ашып, мүшріктердің бастарына топырақ шашып, Ясин сүресінің алғашқы аяттарын оқып, араларынан сытылып шығып кеткен еді.

130. Бұхари, Ахмед бин Ханбәл. III, 185; Ибн Сағд, Абақат, I, 373.

3. Хақ пен Әділет Жолындағы табандылығы (қайсарлығы)

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) туылғаннан ерекше ұлы адам болып жаратылған. Бала кезінен аталары табынған пұттарға табынбаған және пұттарды жек көрген. Жас кезінде жақсы қасиеттері мен мұндалап тұрғандығы соншалық, Құрайыш тайпасының ең бай әйелі оған өзінің махаббатын ұсынған еді.

Оның керемет қасиеттерінің ең қымбаты мен өмір ағысында ұстанған негізгі қағида Хақ болған жолда жүруі және табандылығы еді. Өзін қорғап қалғаны үшін Құрайыш тарапынан өлтірілуімен қорқытылған немере ағасы Әбу Талибтің «алған бетіңнен қайт» деп табандылықпен жасаған ұсынысына Аллаһтың Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) берген жауабы көзінен жас төге тұрып «Жоқ» деп айтып мүлде қабылдамайтын еді. Айналасы құйын-дауылға толы Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хақ махаббатының және иман қайсарлығының үлгісі ретінде барлық қиын жағдайларға сабырмен қараған.

Бір жолы Қағбаның жанында Утбә бин Рабия Онымен өз қауымы атынан былай деп түр еді:

«Ей, бауырымның ұлы! Сен арамызда тайпаңның молдығымен әрі тегіңнің ұлылығымен таңдаулы тұлғасың. Қауымыңды тығырыққа тіреме! Олардың араларын алшақтаттың. Пұттарымызға қарсы соғыс жарияладың. Аталарымыздың діндеріне қарсы шықтың. Енді мені тыңда! Саған біраз нәрселер айтамын, мүмкін кейбіреулерін қабылдарсың?»

Расулұллах (саллаллаһу алейһи уәсалләм) «*Айта бер, ей, Әбу Уәлид!*» - дейді. Утбә:

«Әкелген дініңнің арқасында дүние жинауды көздеген болсаң, сені дүние-мүлкімізбен байытайық. Егер абырой мен атақ, құрмет қаласаң, сені төбемізге кетеріп, хан сайлайық. Егер саған келген пәле-жала құтыла алмайтын сиқыр болса, сені айыққанша емдетейік», - деді.

Утбә сөзін бітіргенде, жауап ретінде Расулұллах (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Фуссилат сүресінің алғашқы аяттарын оқыды:

«Аса рақымды әрі мейірімді Аллаһ атымен бастаймын. Ха-мим (Ұғымын Аллаһ біледі). Бұл уахи – жаратқандарын рахметімен қоршаған әрі мейірімімен кешіретін Аллаһтан түскен уахи. Сондай бір керемет кітап, хақты батылдан (жалғаннан) арашалаған арабша Құран. Көзі ашық адамдарға жіберілген. Қуантады әрі қисық жолдың соңы не екендігін айтып, қорқытады. Бірақ олардың көбісі бұл кітаптан жалтарғандары үшін Оны лайықты түрде тыңдамайды».¹³¹

Оның рухын кемелдеткен Хақ Оның ең ұлы мақсаты болмағанда, өзіне жау болған қауымның мұншалықты райларынан қайтуы олардың батырлықтарын мойындауға және тәңірлері мен діндеріне төніп тұрған қантөгістің алдын алуға толығымен жетерліктей себеп болуы мүмкін еді.

131. Фуссилат сүресі, 4-аят.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) - қаһармандық жайында хақ үшін қайсарлықтың және адамдарды жалғыз Аллаһқа табыну мен бір-бірімен бауыр болуға шақырудың жалғыз үлгісі.

4. Ақ көңілділігі (Ашық жарқындылығы)

Ақ көңілді Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әр түрлі адамдар тобымен кездеседі, жағдайларын тындап шақырған жерлерінен қалмайтын еді. Кедей, құлдармен бірге тамақ ішетін. Өз жұмысын өзі істейтін және кедей, өте жүдеу адамдардың арасында да тұра беретін.

Бір күні өзінің алдында бір бәдәуидің дірілдей бастағанын көрген Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Достым, дірілдеме! Мен патша емеспін. Қатып қалған нан жеген Құрайыштық бір әйелдің ұлымын», - дейді.¹³²

Абдүллаһ бин Әуфа (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жесір әйелдермен, бейшаралармен отырып сөйлесіп, олардың қажеттіліктерін сұрап, жәрдемдесуден арланбайтын».

Бір күні бір адам Пайғамбарымызға:

«Мырзамыз! Ең қайырлымыз! Қайырлымыздың ұлы!»-деп айта бергенінде, Ол:

«Ей, адамдар! Аллаһтан қорқыңдар, шайтанға ермеңдер. Мен тек Абдуллаһтың ұлы Мұхаммедпін, Аллаһтың құлымын. Және Аллаһ Тағала менің мәр-

132. Ибн Мәжә. Әтғимә 30

тебемді пайғамбарлықпен үстем етті. Маған бұдан артық құрмет көрсетулеріңді қаламаймын», - дейді.¹³³

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ақ көңілділігі мен қарапайымдылығы жайында атақты Хатем-и Таинің ұлы Адийді (радиаллаһу анһу) тыңдап көрейік: «Мен Мәдинада айбынды патшамен кездесетінімді ойлаған едім. Мәдина мешітінде Хазіреті Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасына барып сәлем бердім. Ол:

«Бұл кім болады екен?» - деп сұрады.

Мен:

«Хатем ұлы Адиймін», - дедім.

Орнынан тұрып мені үйіне шақырды. Құдай ақы, мұны тек мен үшін істеді. Жолда арық бір қарт әйел кезігіп, бізді тоқтатты. Ол әйелдің сөзін аяғына дейін тыңдады. Мен ішімнен «бұл патшаның ісі емес» дедім. Үйіне кірдік. Іші құрма талшықтарына толы бір жастық алып, маған берді де:

«Мә, мынаған отыр», - деді. Мен:

«Жоқ, сіз отырыңыз», - дедім. Ол:

«Жоқ, сіз-сіз...» - деп қайталады. Отырдым. Өзі құрғақ бір жерге отырды. Мен тағы да ішімнен «құдай-ау, бұл патшаның ісі емес қой» - дедім. Сосын әңгімеге көштік:

- *Е-е-е... Хатем ұлы Адий! Сен - Рәкусисің, солай ма?*

- Иә.

- *Сен қауымыңнан ганиметтің (соғыс олжасы) төрттен бірін алатын ба едің?*

133. Әбу Дәуіт, Әдеп, 10

- Иә, алатын едім.

- Міне, бұл сенің дінің бойынша харам еді,- деді.

Ия, расында да солай еді. Бұл сөзінен оның хақ пайғамбар екенін білдім. Ол ешкім білмейтін жайларды білетін еді. Сосын Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сөзін одан әрі былай сабақтады:

«Ей, Адий! Бәлкім, бұл дінге кіруіңе кедергі болған себеп – бұл дінге кірген адамдардың (мұсылмандардың) жағдайының нашарлығы шығар. Ант етемін, олардың дүние-мүліктері жақын арада көбейіп, ырыстарының мол болатыны соншалық, келешекте (қайырға не қарызға) сұрайтын бір адам да болмайды. Мүмкін, олардың дұшпандарының көптігі саған кедергі болатын шығар. Ант етемін, жақында бір әйелдің сонау Кадисиядан мына Қағбаны зиярат ету үшін қорықпастан түйемен жолға шыққанын естисің. Мүмкін, олардың мемлекет басшылығын игеруі саған тыйым салатын шығар. Аллаһ атымен ант етемін, жақын арада Бабилдің ақ үйлерінің (сарайларының) мұсылмандар тарапынан алынғандығын естисің», - деді.

Осы сөздерді естігеннен кейін мұсылман болдым».

Адий Кадисия шайқасынан кейін Бабил сарайлары мұсылмандар тарапынан алынған оқиғаларды өз көзімен көріп ұзақ жасқа жеткен.¹³⁴

Мыңдаған жанкешті жолдастарымен жеңіске жеткен әскер басшысының көкірек кермеуі мүмкін бе? Бірақ Хазіреті Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи

134. Ибн Хишам, Сира, IV, 227

уә сәлләм) әсіресе, осындай кездерде барынша ақкөңілділік пен парасаттылық танытып, Аллаһтың ұлылығы алдында басын иетін еді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жеңіске жеткен әскерінің басында болып, Хайбарға кірер кезде ноқтасы жіптен жасалған есек мініп жүрген еді.¹³⁵

Ол «патша пайғамбар немесе құл пайғамбар» болу жайында таңдауға жол берілгенде, ақ көңілімен «құл пайғамбар» болуды жөн көрген еді.¹³⁶ Осыған байланысты ол мемлекет басшысы, әрі әскери қолбасшы ретінде Меккеге кірерде түйеге мініп жүрген. Кішіпейілділікпен басын төмен игенде, сақалы түйенің ыңыршағына дейін жететін еді.¹³⁷

5. Әдеби мен Ұяңдығы

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) беті ашылмаған қыздан да ұялшақ еді. Аса ұяңдығынан өмірде ешбір адамға ұрыспаған, жүріп келе жатқанда үндемейтін, еш уақытта қарқылдап күлмеген.

Сол кездерде Арабстан және басқа мемлекеттерде әдеп пен сыпайылыққа құрмет көрсетілмейтін. Арабтар тыр-жалаңаш жуынатын, тіпті Қағбаны тыр-жалаңаш айналып тауаф ететін. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл іс-әрекеттен жиіркенетін еді. Тіпті осы себепті моншалардан сақтануды бұйырған еді. Тек монша орамалын қолданып шомылуға

135. Асры Сағадат, II, 96

136. Хайсети, IX, 192

137. Ибн Хишам, Сира, IV, 48

ғана рұқсат берген. Бірақ, бұл рұқсат әйелдерге берілмеген.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әдеп сақтап ел арасында, көпшілік жерлерде, жәрмеңке мен базарларда қатты сөйлемейтін еді. Көңілге қонымсыз сөздер айтпайтын. Мұнымен қатар, ұяңдығынан біреудің жүзіне ұзақ қарап тұра алмайтын. Адамдардың көрілмесін деген жерлеріне және кемшіліктеріне қарамайтын, оны көрсе де көрмегендей болатын. Хазіреті Айша (радиаллаһу анһу) анамыз Оның әуретті жерін еш көрмегендігін айтады.¹³⁸

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдарды ұяңдыққа баулып, ұяңдық – иманның бір белісі екендігін түсіндіретін және оларды харам іске барудан сақтандыратын.

Бір күні бір жас жігіт келіп, Одан зина жасауына рұқсат беруін сұрады. Құзырында отырған сахабалар жас жігітті сөйлетпеуге тырысқанымен Ол *«жіберіңдер, қасыма келсін»* - деді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жанына келген жас жігіттен:

«Бұл жамандықтың анаңа, қызыңа, әпке-қарындастарыңа, немере әпкеңе және нағашы әпке-қарындастарыңа жасалуын қалайсың ба?» - деп сұрады.

Жас жігіт барлығына да: *«Жоқ қаламаймын»*, - деп жауап берді.

Осыған байланысты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

138. Шәмәйлүл-Мухаммәдия, 283

«Басқалар да мұндай жамандықтың өз туыстарына жасалғанын қаламайды», - деп, қолын жас жігіттің кеудесіне қойып:

«Аллаһым, бұл жігіттің күнәларын кешір, жүрегі мен әдептерін харамнан сақтай гөр», - деп дұға етті. Ал, сол жігіт бұдан кейін мұндай жаман іс-әрекетті қайта істемейтін болды.¹³⁹

6. Адамдармен жақсы қарым-қатынасы

Пайғамбарымызбен пайғамбарлық келгенге дейін байланыстары бар адамдар Оның шыншылдығына таң қалғандықтарынан Оны «**әл-Әмин**», яғни «Сенімді» деп атайтын еді. Пайғамбар болғаннан кейін де Құрайыш халқы Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ата жаулары ретінде білсе де, сақталуы тиіс аманаттарын Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) беретін еді.

Бір күні бір бәдәуи Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алашағын алуға келген еді. Бәдәуи дөрекілікке салынып, Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тым ауыр сөздер айтқан еді. Ардақты сахабалар ашуланып, бәдәуиге былай деп ескерткен еді: «Сен кімге не айтып тұрғаныңды білесің бе?» Бәдәуи: «Мен өз ақымды алуға келдім», - деді.

Ал Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«*Сендер оны ұстап жібермей тұрсыңдар. Алайда бұл адам ақысын сұрап тұр ғой*», - деді.

Осыдан кейін Пайғамбарымыз (саллаллаһу

139. Ахмед бин Ханбел, I-том, 256-257

аләйһи уә сәлләм) бәдәуиге ақысын артығымен ұсынған еді.

Бір күні Сайб деген бір араб саудагері Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) таныстырылды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мен оны сендерден де жақсы танимын», - деді. Ал Сайб:

«Ия, саудада жүргенде жолдас болған едік. Бүкіл есептері өте керемет болатын», - деген еді.¹⁴⁰

Хазіреті Жабир бин Абдуллаһ бір сапар кезінде Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге болған еді. Жабирдің (радиаллаһу анһу) түйесі шаршап, әрі қарай жүруге жарамсыз болып қалады, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол түйені Хазіреті Жабирден сатып алып, ақшасын береді де:

«Түйе де, ақша да сенікі», - деп, түйені қайтадан қайтарып береді.¹⁴¹

Тағы бір рет Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біреуден бір түйе алып, орнына одан да керемет бір түйе береді де:

«Қарыздарын жақсы әрі керемет түрде өтеген адамдар - мәртебелі кісілер», - дейді.¹⁴²

Тағы бір жолы бір керуен Мәдинаның сыртында

140. Әбу Дәуіт, Әдеп, 20

141. Бұхари, Буюғ, 34

142. Асры Сағадат, II, 71 (Тирмизиден)

түнеген еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол керуеннің қасынан өтіп бара жатып бір қызыл түйені көріп қалып, бағасын сұрайды да, еш саудаласпай түйені қарызға сатып алып кетеді.

Біраз уақыттан кейін керуендегі кісілер алаңдай бастайды және түйені ақшасын алмай беріп жібергендеріне өкініп, бармақ тістеп қалады. Керуендегі бір әйел:

«Қапа болмаңдар, бұл маңайда сол секілді нұрлы жүзді ешкімді көрмедік. Мұндай адам өтірік айтып, бізді алдап кетпейді», - деп, керуендегілердің абыржуларын басады.

Кешкісін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) керуендегілерге түйенің ақшасымен бірге ішер сулары мен тамақтарын да беріп жіберген еді.¹⁴³

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хұнайн соғысы кезінде Ислам әскерлеріне қарызға сауыт алу үшін әлі мұсылман болмаған Сафванға келіп өтініш жасайды. Сафуан:

«Менің мүліктерімді өз қолымнан алып, мені тонағың келе ме?» - дегенде, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жоқ, бұларды бізге қарызға беруіңізді сұраймын. Жоғалғандарын тез арада өтейміз», - деп жауап берген еді.

Сафуан мұсылмандарға отыз-қырықтай сауытты қарызға берді. Соғыстан қайтқанда сауыттар саналды. Бірнешесінің жоғалғаны белгілі болған соң, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол жоғалғандар үшін

143. Дарақутни, Буюғ, II-том, 45. 186-хадис.

ақша ұсынса Сафуан (радиаллаһу анһу);

«Иә, Расулаллаһ, менің жүрегім енді басқаша соғуда» - деп иман еткен еді.¹⁴⁴

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тікелей өзіне жасалған қылмыс үшін ешқашан кек алмайтын. Көпшіліктің ішіндегі ең аз ашуланатыны, ең көп риза болатыны және ең нәзік жүректісі еді.

Мәжіліске келген адамдардың дөрекі әрі ашуға тиер сөздеріне ашуланбай, қайта кешіріммен қарайтын еді. Өзімен бірге отырған немесе алдына келіп мұңын шаққандардың сөзін тегіс тыңдап, соңына дейін сабырлы отыратын. Егер біреу бір нәрсе қаласа, қалауын беретін. Ал бере алмаған жағдайда, уәде ететін еді. Асхабымен әкелік мейіріммен мәміле жасайтын еді.

7. Балаларға деген мейірімі

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) балаларға деген мейірімі асқар таудай еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) балаларға аса мейірімді еді. Жолда кездескен балаларды түйесіне мінгізіп, оларды мәз-мейрам ететін. Балаларды жақсы көретіні сондай кездескен сайын сәлем беретін.¹⁴⁵

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ата-ана мен балаларға қатысты әңгімелерге ет-бауыры елжіреп, оларды тыңдағысы келетін. Бір күні кедей бір әйел екі қызымен Хазіреті Айшаға (радиаллаһу анһә) келеді. Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) оларға

144. Әбу Дәуіт, Буюғ, 90

145. Әбу Дәуіт, Әдеп, 147

беру үшін бір құрмадан басқа ешнәрсе таба алмаған соң, құрманы аналарына береді. Ал, аналары құрманы екіге бөліп, балаларына жегізеді. Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) бұл оқиғаны Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқан кезде, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай тіл қатқан еді:

*«Балаларды лайықты түрде сүю және қорғау - тозақтан (жәһаннам) құтылу».*¹⁴⁶

Оның балаларға деген мейірімі тек мұсылман балаларына ғана байланысты емес еді. Мүшрік балаларын да мейірлене жақсы көретін еді. Бір соғыс кезінде бірнеше бала екі жақтың ортасында қалып қойып өлген еді. Бұл қайғылы оқиғадан хабардар болған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатты қайғырыпты. Әскерлер Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайғырғанын көріп:

«Я, Расулұллаһ! Неге мұншалықты қайғырып отырсыз? Бұлар мүшрік балалары емес пе?» - дейді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Бұл балалар мүшрік балалары болса да - күнәсіз балалар ғой. Абай болыңдар, балаларды өлтіруші болмаңдар! Әрбір адам алғаш жаратылғанда сүттей ақ болып жаратылады», - деген.¹⁴⁷

Жабир бин Самура (радиаллаһу анһу) деген асхабы айтады:

«Бір күні Пайғамбарымызбен (саллаллаһу аләйһи

146. Ахмед бин Ханбәл, VI, 166

147. Ахмед бин Ханбәл

уә сәлләм) бірге намазымды оқыдым. Намаздан кейін Расулұллах (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйіне кетті. Ал, мен соңынан ердім. Расулұллах (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жолда балаларға кезігіп, барлығының бастарынан сипады және солармен бірге менің де басымнан сипады.¹⁴⁸

Бір күні Расулұллах (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір баланы сүйіп тұрған кезінде бір бәдәуи келіп Расулұллахқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Сіз балаларды мұншалықты сүйесіз. Ал мен, он балам болса да, бір ретте құшағыма алып сүйемпін!» - дейді. Аллаһ Расулі оған:

«Аллаһ Тағала сені мейірім сезімдерінен мақрұм етсе, мен не істейін», - деген еді.¹⁴⁹

8. Әйелдермен жақсы қарым-қатынасы

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдына әрқашан ер адамдар жиналатындықтан әйелдердің Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұрақ қою мүмкіндіктері болмайтын еді. Осығанорайәйелдер Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өтініш беріп, өздері үшін бір күн бөлуін сұраған еді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл өтінішті қабылдап, әйелдермен кездесу үшін бір күн бөлген еді.¹⁵⁰

Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

148. Мүслим, Бала.

149. Бұхари, Әдеп, 18

150. Бұхари, Ілім, 36

өтініш берген әйелдер өте ашық әрі анық түсініктемелер бере отырып сұрақ қоятын еді. Ал Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабы олардың батылдықтына таң қалушы еді.

Әйел табиғатындағы әдептілік пен жүрегіндегі нәзіктігіне байланысты, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) олардың сезімдерін өшіріп алмауға ерекше көңіл бөліп, әйелдерге өте жұмсақ әрі нәзік қарайтын.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұлы бетбұрыс орнатып, әйелдік асыл қасиет пен салмақтылықты оларға үнемі үйретіп отырған. Әйелдерге құрмет көрсетіп, оларға жете көңіл бөліп, қоғамда орын беріп, еркектермен бір деңгейде ұстаған. Бұл Ол әкелген жүйе еді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл әлемге рахмет ретінде жіберілгендіктен, әркіммен мейірімді мәміле жасауды бұйырған.

9. Сәхауәт және Жомарттығы

Игілік пен жомарттық Пайғамбарымыздың тұма қасиеті еді. Әсіресе, Рамазан айларында Оның игілігі мен жомарттығында шек болмайтын.

Бір күні Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жайлауда ешкілерін санап жүргенде бір кісі келіп, бірнеше ешкі сұрайды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған ешкілерін отарымен бере салады. Сол кісі отар ешкіні қауымына апарып:

«Барлықтарың мүсылман болыңдар. Мұхаммедтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жомарттығы соншалық

кедейліктен ешқандай қорықпайды», - деген екен.¹⁵¹

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кейде біреуден бір нәрсе сатып алып, оны қайтадан сол адамның өзіне тарту етеді екен. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолына бір нәрсе түссе, дереу басқа біреуге сыйлыққа беретін болған. Егер өзінде бір түннен артық қалып қойса, соған реніш білдіретін.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірлік серігі Хазіреті Үмму Сәләмә (радиаллаһу анһә) анамыз айтады:

«Расулұллаһтың жүзінен бір өзгеріс бар екенін байқап, себебін сұрағанымда:

*«Кеше алған жеті динарымды бере алмадым, өзімде қалып қойды», - деді».*¹⁵²

Әбу Зәрдің (радиаллаһу анһу) риуаяты бойынша Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

*«Ұхүд тауы түгелдей алтын болып, маған берілсе, (қарызымды өтеу үшін бөліп қойғаннан тыс) оның бір динарында үш күн ұстамай, бәрін жұртқа таратар едім».*¹⁵³

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қалтасындағы ақшаның соңғы тиынына дейін қайырға жұмсамайынша үйіне кірмейтін еді. Бір күні Федек басшысы сыйлық ретінде төрт түйе астық жіберген еді,

151. Мүслим, Фадайл, 57.

152. Ахмед бин Ханбәл, VI-том. 293.

153. Бұхари, 3.

Хазіреті Білал (радиаллаһу анһу) бұл астықтарды базарға апарып сатып, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір яһудиге қарызы бар болатын, соны төлейді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ақшаның жайын сұрағанда, Хазіреті Біләл (радиаллаһу анһу) біраз ақшаның артылғанын айтады. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Оларды да садақа ретінде тарат, әйтпесе үйіме бара алмаймын», - депті.

Хазіреті Біләл (радиаллаһу анһу) ақша беретін ешкімді таба алмайды да, Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйіне бара алмай, мешітте жатады. Ақыры, келесі күні таңертең қалған ақшаны Хазіреті Біләл (радиаллаһу анһу) таратып бітіп, Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһ Тағала сені құтқарды», - дейді.

Ал, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шүкіршілік етіп, үйіне барған еді.¹⁵⁴

Бір рет Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әдетінен тыс екінті намазынан кейін үйіне барып, қайта мешітке келеді. Себебін сұраған асхабына:

«Намазда отырғанымда үйде біршама алтынның бар екені есіме түсіп кетті. «Олар кешке дейін үйде тұрып қалуы мүмкін деп ойладым. Осы себепті үйге барып, садақа ретінде таратуларын айтып кеттім», - дейді.¹⁵⁵

154. Әбу Дәуіт. Ишара, 35

155. Бұхари, Азан, 158

Тағы да бір күні ансардан базбіреулер келіп, Одан біраз нәрсе сұрайды. Кейін тағы басқалары келіп сұраған және олар да сұрағандарын алып кеткен. Ақыры ешнәрсе қалмаған соң: *«Егер бір нәрсе қалып қойған болса, оны да аямастан беріп жіберетін едім»,* - депті.¹⁵⁶

Расулұллах (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хұнайн сапарынан қайтып келе жатқанда бәдәуи арабтар алдынан шығып, қоршап алады да, бір нәрсе беруін талап етеді. Олардың өзін әбден мазалағанынан ығыр болған Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір ағаштың артын паналауға мәжбүр болады. Сол кезде шапаны бір бұтаққа ілініп қалады.

Расулұллах (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тоқтап:

«Шапанымды беріңдер! Егер мына ағаштың жапырақтарындай қойым болса, барлығын сендерге үлестіріп берер едім. Бұл айтқан сөзімнен мені не қорқақ, не сараң, не өтірікші ретінде мүлде көре алмайтын едіңдер», - деген.¹⁵⁷

10. Мейірімділігі мен Рақымдылығы

Мейірімділігі мен рақымдылығы жағынан Оның деңгейіне жететін тірі жан табылмас, сірә! Мықтылық пен әлсіздік, пақырлық пен байлық жағдайларында Оның жақсылық пен рақымшылық қасиеттері (Оның) ұлы кісілігінің әрқашан айнасы бола білген. Рахмет-

156. Аср-ы Саадет, II, 78

157. Бұхари, Жиһад, 24

ке бөленіп, жақсылық пен рахымшылықтың көсемі болған ол:

«Жақсылық жәннатқа жеткізеді. Жердегілерге рахым етіңдер (мейірімдеріңді төгіңдер), көктегілер де сендерге рақым етсін (мейірімдерін төксін). Адам баласына жаны ашымағанға Аллаһ рақым етпейді (мейірімін төкпейді). Рақым иелеріне Рақымды Аллаһ мейіріммен қарайды. Жүрегінде мейірімі жоқтар - шакилер (шайтанға ергендер)», - деген екен.¹⁵⁸

Оның мейірімі бүкіл адамзат баласын қамтитын еді. Шапағаты мен жақсылығы мұсылмандарға да, мүшріктерге де жететін еді. Оның жүрегінен кеңінен орын алғандар кедейлер мен әлсіздер еді. Кедейлерге деген сүйіспеншілігі Аллаһтан дүние мен ақіретте олармен бірге болуды сұрайтындай биік дәрежеде еді.

Өмірі кедейлермен бірге өткен еді. Үйі мен қолындане болса, солардыкі (кедейлердің) болатын еді. Кедейлерге деген аңсары барынша күшті еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ тарапынан берілген ұлы жаратылысы мен шексіз мейірімін кедейлерге төгіп, әлсіздерге қол ұшын беріп, шапағатын сол әлсіздерге шашқан. Ұлы мінезі мен шексіз мейірім деңгейінің биіктігі соншалық, өзі ішінде болған қоғамның тәртібін аз уақытта өзгертіп, кедейлер мен әлсіздерден құралып шығыс пен батысты өздеріне қаратқан бір үмбет шығарды.

Ол үмбетіне әрдайым жақсылық жасап, мейіріммен

158. Бұхари, Әдеп, 69.

қараған және де құл мен күндерге, балаларға және қарттар мен тіршілік иелеріне мейіріммен қарауды әмір еткен. Оның мейірімі дұшпандарын да қамтыған еді. Ұхұд соғысында өзі жаралы, көкесі бөлшек-бөлшек болып, көмекшілері өліп, тас-талқан болып жатқанның өзінде жауларын қарғаудың орнына, олар үшін дұға оқытқан күш, міне, осы мейірімділік еді. Оны азаптап қуып шыққан Сакифтіктер үшін Тайф күні дұға оқытқан тағы да сол мейірімділік еді. Ашыққандықтарынан шағымданып, туыстық ақыларына құрмет көрсетуін талап еткендер мен кеше ғана Оны Меккеден шығарып жіберіп, Мәдинаны қоршауға алған Құрайыштарға Шам мен Йеменге сауда жолдарын аштырған тағы да, міне сол - мейірімділік.

Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) айтады: Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір бәдәуи келіп былай дейді:

«Сен балаларды сүйесің бе? Біз сүйеміз!».

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай жауап қатады:

«Аллаһ жүрегіңнен мейірімділік сезімін алған болса, мен саған не істей аламын?»¹⁵⁹

Оның жүрегі мейірімге толып таситын еді. Оның мейірімі тілінде - қуанышты хабар, көздерінде - жас, қолында - жақсылық болып көрініс тапқан. Осылайша мейірімділік пен жақсылықтың және игіліктің көсемі еді.

159. Бұхари, Әдеп, 18; Мұслим, Фадайл, 64

11. Әділеттілігі мен Ынсаптылығы

Дүниеден бас тартқан бір адам үшін әділеттілік және ынсаптылық өте жеңіл іс болып саналады. Алайда халықтың мұң-мұқтажын жоқтап жүретін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) секілді, бір-бірлерін ата жауларындай көретін қауымдар арасында өмір сүретін және сондай қауымдарды татуластыру жолдарын қарастырып жүретін бір адам үшін адалдық пен шындық тізгінін ұстап жүру - өте ауыр бір іс. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл қиындықтарға қарамастан адалдық пен шындықтан ешқашан айырылмастан, адамдарды хаққа шақыруын тоқтатпаған.

Бірде Махзуми тайпасынан бір әйел ұрлық жасайды. Ал Құрайыштар үлкен жанұядан шыққан сол әйелдің жазаға тартылмауын қалап, осы іс бойынша Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асыранды баласы Зәйдтің (радиаллаһу анһу) ұлы Хазіреті Ұсаманы араға салады. Сонда Расулұллаһтың түсі бұзылып былай дейді:

*«Осы секілді өз жақтарына ара түсіп, бай- шонжарларды жазаға тартпай, кедейлерді ең ауыр жазаға тартқандары үшін Исраилұлдары (Еврейлер) құрыды (лағынетті қауым болды). Қызым Фатима да ұрлық жасаса, оның да қолын кесіп тастар едім».*¹⁶⁰

Хайбар яһудилерінің жерлері басып алынғаннан кейін, сол жерлер Ислам әскерлеріне үлестіріліп

160. Бұхари, Хадид, 11.

берілген еді. Бірақ сол жерге егін егу құқығы жергілікті тұрғындардың өздеріне қалдырылған еді. Астық жинау науқанында Абдуллаһ бин Сүхәйм (радиаллаһу анһу) салық жинау үшін жиені Мұхайсамен бірге Хайбарға барады. Яһудилер жасырын түрде Абдуллаһты (радиаллаһу анһу) өлтіріп, денесін бір шұңқырға тастап жібереді. Мұхайса (радиаллаһу анһу) кері оралып, Пайғамбарымызға яһудилердің көкесін өлтіргендіктерін айтады. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Яһудилердің көкеңді өлтіргендігіне ант етесің бе?» - деп сұрады.

Мұхайса: *«Жоқ, өйткені көзіммен көргенім жоқ»*, - деді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Олай болса, яһудилер ант етсін!» - дейді, Мұхайса (радиаллаһу анһу): *«Бірақ олар өтірік ант етеді»*, - деп жауап қатты.

Осы жерде яһудилерден басқа ешкім тұрмайтындығына байланысты, Абдуллаһты (радиаллаһу анһу) солардан басқа біреулердің өлтіруі ақылға сыймайтындығына қарамастан, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) яһудилерді жазаға тартпай, Мұхайсаға (радиаллаһу анһу) айыппұлды¹⁶¹ мемлекет қазынасынан төледі.¹⁶² Себебі Абдуллаһ бин Сүхәйм (радиаллаһу анһу) мемлекет ісін атқарып жүрген кезінде өлтірілген еді.

161. Ислам шарифаты бойынша бір адамның жаны 100 түйеге бағаланады.

162. Асры Сағадат, II ,73.

Сахабаларынан Әбу Хадрад (радиаллаһу анһу) деген кісі бір яһудиден біраз мөлшерде қарыз алған еді. Бірақ үстіндегі киімінен басқа ешнәрсесі жоқ болатын. Қарыз берген яһуди қарызын төлеуді талап етеді. Сол кезде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хайбар соғысына дайындық жүргізіп жатқан еді. Әбу Хадрад яһудиден уақыт беруін сұраса да, яһуди оның сөзіне құлақ аспастан Әбу Хадрадты (радиаллаһу анһу) Расулұллаһтың алдына алып келеді. Әбу Хадрад (радиаллаһу анһу) үстіндегі киімінен басқа ешнәрсесі жоқ екендігін және «соғыс олжасынан қолына бір нәрсе іліксе, сол кезде төлей аламын» - деп, ойлағанын айтады. Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарыздың міндетті түрде өтелуі керектігін және бұл үшін ешқандай сылтау айтпау керектігін айтқанда, Әбу Хадрад (радиаллаһу анһу) үстіндегі киімінің бір бөлігін сатып, қарызын өтейді. Сөйтіп, сәлдесін арқасына орап алады.¹⁶³

Осылай бұрмалаушылыққа жол бермейтініне көзі жеткен соң тек мұсылмандар ғана емес, олардың қас жауы яһудилер де дауларын шешу үшін Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келе бастады. Ол яһудилердің дауларына киелі кітаптары Таурат бойынша үкім айтатын еді.

12. Кішіпейілділігі мен Кешірімділігі

Оны кешірімді болуға Құран тәрбиелеген. Сондықтан Аллаһ Тағала: **«Сен кешірімділік жолын**

163. Ахмед бин Ханбәл, III, 243.

ұстап, жақсылық әкелер істі әмір ет! Надандарға көңіл бөлме!»¹⁶⁴ - деп бұйырған.

Өш алуға күдіреті бар болып тұрғанда кешіру, Хазіреті Пайғамбарда (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жарқын бір айна болып тұрғаны соншалық онда таза да асыл рухтардың ең әдемі түрлері, ұлы мақсат және нәпсілік армандардан кешіп ұлық мәртебелерге көтерілу сияқты ерекше сипаттар жарқырайды.

Оның мейірімділігін жете түсіну үшін өзіне қарсы шығып, азап шектірген, бүлік пен жамандықтың бастаушысы болған Мекке халқына деген мәмілесіне тоқтай кетейік.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Араб түбегі сол күнге дейін көрмеген әскерінің басында болып, Меккеге қарай бет алады. Олар Меккеге жақындай бергенде, Меккенің басшысы Әбу Суфян үш адамымен бірге айналаны бақылауға шыққан еді. Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарсы тұратындай халде емес екендігін көрген соң Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көкесі Хазіреті Аббасқа (радиаллаһу анһу) кезігіп, оны қатарына қосып алып, Мекке мен оның халқының бас сауғасын тілеу үшін Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шатырына алып келеді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ертең сөйлеспекші болып, Әбу Суфянның түнді Хазіреті Аббастың (радиаллаһу анһу) шатырында өткізуін әмір

164. Аграф сүресі, 199-аят.

етеді. Таң атқаннан кейін Әбу Суфян келеді де, Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдында Исламды қабылдайды. Сонымен Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны кешірді.

Сонда Хазіреті Аббас (радиаллаһу анһу) былай деді:

«Я, Расулұллаһ! Әбу Суфян мақтанғанды жаны сүйетін адам. Оған бір мүмкіндік беріп көріңіз!». Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тұрып:

«Ия, кім Әбу Суфянның үйіне кірсе, соған тиіспейміз. Есігін тарс жауып алып, үйінде отырғандарға да және Харам Мешітін паналағандарға да тиіспейміз», - деп бұйырады.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әскері Меккеге қарай жылжып келе жатқанда, Әбу Суфян тездетіп Меккеге келген еді. Өз-өзіне «Бұларға қарсы тұруға ешкімнің күш-қуаты жете қоймас», - дейді.

Қауымына жақындап бар даусымен былай деп айқайлады: «Ей, Құрайыш! Мына келе жатқан - Мұхаммед. Оған қарсы тұратын күш жоқ сендерде. Кім Әбу Суфянның үйіне кірсе, соларға тиіспейді.» Халық шуылдасып: «Аллаһтың қаһарына ұшырағыр! Сенің үйіңе қаншамыз сия қоямыз», - деп жамырады.

Ұхұд соғысында Хазіреті Хамзаға (радиаллаһу анһу) азап көрсеткен әйелі орнынан атып тұрып, Әбу Суфянның сақалына жабыса кетіп:

«Мына қауымның сатқын жансызын өлтіріңдер!» - деп айқайға басты.

Әбу Суфян: «Мәселе сіздердің өмірлеріңіз жай-

ында болып тұр. Бұл сіздерді алдамасын. Ол біз қарсы келе алмайтын қалың колмен келе жатыр. Кім мешітке кірсе, жанын сақтап қалады. Үйіне кіріп кетіп, есігін жауып алғандар да жанын арашалап қалады», - деп жауап берді.¹⁶⁵

Бұдан асқан қандай «кешірім» үлгісі бар екен!

Әбу Суфян мұсылмандарға шексіз жамандық жасаған, Ұхұдта Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жанын қинаған және Хәндак соғысында қоршауымен мұсылмандардың тынышын кетірген біреу еді.

Хашим ұлдарына қарсы Махзум және Сәхм тайпаларымен бірігіп келісім жасаған тағы да Абдұлманаф әулетінен осы Әбу Суфян емес пе еді?

Міне, оның жалғыз үміті аман-сау қалуы болып тұрғанда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны кешіріп қана қоймай, оған ерекше орын берген.

Хазіреті Хамзаның баскесері Уахши былай дейді:

«Тайф пен Меккенің алынуынан кейін Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бару үшін жолға шықтым. Алдына кіріп, кәлима-и шәһадат (Тілімді кәлимаға келтірген соң) айтқанымда, маған қарап:

«*Сен Уахшисің бе?*» - деп сұрады. «Ия, уа, Расулұллаһ!» - дедім.

«*Отыр да Хамзаны қалай өлтіргеніңді айт!*» - деді. Отырып айттым.

165. Ибн Хишам, Сира, IV ,47

«Мүмкіндігіңше, бұдан былай көзіме көрінбеуге тырыс!» - деп, бұйырды.¹⁶⁶

Осыдан кейін өмірімнің соңына дейін көзіне керінбеу үшін Расулұллаһтан тығылып жүретін болдым.

13. Тура сөзділігі (шыншылдығы)

Сыдық, яғни, тура сөзді болу – пайғамбарларда болуға тиісті ерекшелік.

Пағамбарлар тура сөзді болады. Немесе басқаша айтсақ, асылында тура сөзді болмаған пайғамбар бола алмайды.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзінің пайғамбарлығын жариялаған кезінде, қарсы шыққандар Оны сиқыршы, ақын, сәуегей дегендерімен, бірақ ешқайсысы да Оны «өтірікші» деп айта алмаған еді. Өйткені, Оның турашылдығы (шыншылдығы) мүшрік, кәпір және мұсылмандар тарапынан талас тудырмайтын шындық еді. Осыған байланысты Ол «әл-Әмин» (сенімді) деген атқа ие болған. Тіпті, Исламның және Пайғамбарымыздың басты жауы болған Әбу Жәһилдің өзі былай деген: «Мұхаммед! Мен сені «өтірікші» - демеймін!»¹⁶⁷

Және де осыған орай мына аят түскен еді:

«Олардың айтқан сөздері сені ренжітетінін білеміз. Әйтседе, олар сені «өтірікшісің» демейді. Бірақ, залымдар Аллаһтың аяттарын

166. Бұхари, Мәғазі, 23.

167. Асры Сағадат, II, 108

мойындамайды».¹⁶⁸

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өз қауымын мұсылмандыққа шақыру міндетін мойнына алған кезінде:

«Әй, Құрайыш! Сендерге «мына таудың ар жағында жаудың атты әскерлері келе жатыр десем, маған сенесіңдер ме?» - деп сұрайды.

Сол жердегілердің барлығы да бірауыздан:

«Барлығымыз сенеміз. Өйткені, сен өміріңде өтірік сөйлеген жан емессің», - деп жауап қатты.¹⁶⁹

Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тілі мен жағына сүйеніп әбден қорлаған мүшрік Надр бин Харис пұтқа табынушыларға былай деген еді:

«Мұхаммед іштеріңдегі бізге ұнаған жастардың бірі еді. Ол сендердің ең тура сөзділерің мен ең сенімділерің еді».

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тек өз қауымының ғана емес, Хазіреті Әлидің (радиаллаһу анһу) айтқанындай, бүкіл адамзаттың ең шыншылы еді.¹⁷⁰

14. Сөзінде тұруы

Пайғамбарлардың барлығы, әсіресе, Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) берген уәдесіне өте мұқият болушы еді. Мұны төмендегі бірнеше мысалдардан көреміз.

168. Әнғам сүресі, 63-аят.

169. Ибн Хишам, II,43

170. а.е. 103.

Әбу Рафи Құрайыш тарапынан Мәдинаға жіберілген құл болатын. Мәдинада Расулұллаһты (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм) көргеннен кейін, Оған жан-тәнімен беріле мұсылман болып, Мәдинада қалдыруын өтінеді. Расулұллаһ (саллаллаһу әлейһи уәсәлләм) оған:

«Елшілерді алып қалу дұрыс емес. Меккеге орал. Ол жерге барған соң қайтып келемін десең, келуіңе болады», - деп, ұсынысын қабылдамаған еді.¹⁷¹

Ал, ол Меккеге оралды. Бірақ кейін келіп, мұсылмандар қатарына қосылған еді.

Хұдайбия келісім-шартының үкімдерінен бірі «Меккеден Мәдинаға баратын әр Меккелік азаматты Құрайышқа кері қайтару» еді. Дәл осы шарт қабылданған сәт-те Меккеде мүшріктер тарапынан «мұсылман болыпты» деп кісенделген Әбу Жәндал (радиаллаһу анһу) бір жолын тауып, қашып мұсылмандарға келіп қосылған еді. Бүкіл мұсылмандар осы көріністен үрейленіп, Әбу Жәндалды (радиаллаһу анһу) кері қайтарып бергілері келмеген еді. Алайда, Аллаһ Расулі (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм) сол кездің өзінде Әбу Жәндалға (радиаллаһу анһу) келісім-шартты бұзбау керектігі жазылған үлгіні көрсетіп:

«Сабыр ет! Біз берген сөзімізден айнымаймыз. Аллаһ Тағала саған шығар жолды көрсетеді», - дейді.¹⁷²

Пайғамбарымыз (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм)

171. Асры Сағадат, II, 104.

172. Бұхари, Сулх, 7.

пайғамбарлығынан бұрын Абдуллаһ бин Әбу Әмсамен (радиаллаһу анһу) сауда-саттық жасаған еді. Бір күні Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) есептесу үшін сол адаммен бір жерде кездесуге келіседі. Ал, Абдуллаһ (радиаллаһу анһу) бұл сөзді ұмытып кетеді. Тек үш күннен кейін ғана берген сөзі есіне түсіп келгенде, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзін әлі күтіп тұрғанын көреді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Абдуллаһты (радиаллаһу анһу) көріп:

«Абдуллаһ, үш күннен бері сені күтіп отырмын», - деп қана қоя салған.¹⁷³

Бәдір соғысы кезінде Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қосылу үшін келген Хұзайфа мен оның бір жолдасы мүшріктермен соғыспайтындығына сөз берген еді. Олар Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кіріп, оқиғаны айтып, дін үшін соғысатындар қатарына қосылғылары келетіндіктерін де айтып өтеді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға:

«Жоқ, біз берген сөзімізге берік болуымыз керек. Біз тек Аллаһтан ғана көмек сұраймыз. Оның көмегі біз үшін жеткілікті», - дейді.¹⁷⁴

15. Сыйлық алуы мен беруі

Сахабалары Хазіреті Пайғамбарға әр түрлі сыйлықтар жіберетін. Пайғамбарымыз (саллаллаһу

173. Әбу Дәуіт, 88.

174. Мүслим, Жиһад, 35.

аләйһи уә сәлләм) достары мен жақындарының жіберген сыйлықтарын сүйіспеншілікпен алатын, кері қайтармайтын.

Бір күні бір кісі Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мата тарту етеді. Бірақ сол матаны басқа біреу сұрағанда бере салады.¹⁷⁵

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сыйлық бергендерге өзі де сый тартуды ұнататын. Бірде Фазараұлдарының бірі түйе сыйлаған еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған сыйына сый жасауға әрекет жасағанда, ол қатты қысылады. Осыны байқаған Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

*«Сендер маған сыйлық әкеліп жатырсындар. Мен алып жатырмын. Ал, мен сол сыйлықтарыңа лайық қайтарым сыйлық берейін десем - қысыласыңдар. Егер осылай істейтін болсаңдар, мен де бұдан былай сендердің сыйлықтарыңды алмаймын», - дейді.*¹⁷⁶

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзіне жасалған игі іске жақсылық жасамаса тұра алмайтын. Ең жақын досы Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) көш кезінде бір түйені сыйға бергісі келеді, бірақ Ол сол мезетте оның ақысын төлейді.

Тағы бірде Мәдинада мешіт құрылысы кезінде Оған біреу жер береді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның ақысын төлеп барып алады.¹⁷⁷

175. Асры Сағадат, II, 83.

176. Бұхари, Әл-әдәбул-муфрад, 270.

177. Асры Сағадат, II, 84.

Сыйлық алысып-берісу сыйластыққа дәнекер болады деп, былай дейтін:

*«Сыйлық алып-берісіңдер. Бұл - бір-біріңе деген сүйіспеншілікті арттырады».*¹⁷⁸

Сыйлықты тек бір жақ қана беріп қоя салатын болса, әрине, мұның ешқандай мәні жоқ. Себебі, адам баласы бойындағы сүйіспеншіліктің өлшемі - беру. Адам берген сайын сүйеді, сүйген сайын береді. Сыйлық алып-берісу сүйіспеншіліктің ең керемет құралы.

16. Қонақжайлылығы

Сан алуан жерлерден Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зияратшылар мен қонақтар көптеп келуші еді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларды тек өзі ғана күтіп, қызмет қылатын. Өзін көруге келген адамды міндетті түрде күтіп жіберетін.

Ол алдына келгеннің мұсылман болсын болмасын бәріне тең дәрежеде қарап, бәрін де бірдей күтетін еді. Бір күні мүшріктердің бірі Оның үйіне келіп, қонағы болады. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол қонағына тойғанынша ешкі сүтін береді.

Кейде қонақтары көп келіп, үйде ешқандай дәм қалмай, үйіндегілер аш жататын еді. Тағы да бір күні Ғыфариелердің бірі Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қонақ болады. Үйде аз ғана сүттен басқа ешнәрсе жоқ еді. Сол сүтті де қонағына беріп, өздері аш қалған екен.

Сахабалары арасында ең кедейлері суффа сахабала-

178. Муатта, Хуснул-Халк, 16.

ры еді. Олар жамағаттың күнделікті қонақтары болатын еді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мырзамыз сахабаларына «оларды жиі-жиі күтіндер» деп ескертіп жүретін. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) төрт адам көтеретін тай қазаны болатын. Түскі уақытта сол қазан әкелініп, бүкіл суффа сахабалары Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге сол қазаннан тамақ ішетін еді. Кейде адамның көп жиналатындығы соншалық, Пайғамбарымыз отыратын орын таба алмай, жерге жайғасып отыра кететін.

Бір күні Расулұллаһ бүкіл суффалықтарды жинап, Хазіреті Айшаның (радиаллаһу анһә) үйіне барады. Хазіреті Айшаға (радиаллаһу анһә) үйде бар тағамдарды әкелуін өтінеді. Дастархан толы тағамдарды жеп бітірген соң, тағы да сұрайды. Құрма жегізіп, артынан сүт береді. Осылайша суффалықтарды құрметтеп күткен еді.¹⁷⁹

17. Саясат пен Ел басқаруындағы Жетістіктері

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл қасиеті де үлкен мемлекет адамы ретінде өзінен бұрынғы пайғамбарлардан ерекшеленіп, көзге ұрып тұратын еді.

Осы қырымен Ол Мәдинада көбірек көзге түседі. Өйткені, ол жерде орын алған оқиғалар бір үмбеттің пайғамбары, мұнымен қоса әскер басы, әрі мемлекет басшысы болуына итермелеп, саяси әрі әлеуметтік

179. Асры Сағадат, II, 81

өмірге қатысты заң жобаларын ретке келтірген болатын.

Меккеде дінге шақыру енді басталған кез еді. Сондықтан жаңа шарифат адамдарды Аллаһты тануға және Оның азабын еске алуға шақырған еді.

Мәдина үкіметі тек Аллаһ ризалығы үшін алдымен екі рет Хабешистанға, кейін Мәдинаға көшкен мұхажирлер мен Меккеде Ақаба төңірегінде Онымен қол ұстасып екі рет байғат еткен ансардың қолында құрылған еді.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинада орнатқан «Мұхаммеди мемлекет» ішінде тәрбиелеген «Үлгі үмбет» тұқымы міне осылар еді. Бертін келе Исламның сол ғажайып мемлекеті осы тұқымның жетілген негізі ретінде құрылған болатын.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хира үңгірінде періште дыбысынан оянғаннан бастап, Ислам дінін ең тамаша күйде әлемге баяндауы мен жүзеге асыруына дейін, Меккеде болсын, мейлі Мәдинада болсын әрқашан көздеген мақсаты ашық, қабілетті, ақылды және үлкен саясаткер бола білген ұлы тұлға еді.

Меккеде сол жердің әдет-ғұрпын пайдалануды лайық көріп, немере ағасы Әбу Талибтің қамқорлығы астында өмір сүрді. Таифтен қайтарда тағы да мүшрік Адиұлы Мутғимнің қамқорлығын аңсап, қайтадан Меккеге келіп, соның қамқорлығында болады.

Және Ол Меккеде пұттарды жою мақсатында тағы да солардың жүйелерін пайдаланған, әрі Меккеде де сол мақсатпен (Ислам мемлекетін құру) өзі мен сахабаларын қорғау үшін сол жердің халқын тәртіпке салып,

олармен келісім шарттар жасасып, жәрдемдерін алған.

Әр түрлі жағдайда Исламды үстем қылу мақсатындағы жалғыз жол және жалғыз игілік: «Иләһи көмек пен қайыр» болатын.

Меккеде он үш жыл бойы босаңсытпай, әрі үмітсіздікке түсірмей Оны азулы жауларына қарсы тұрғызған, ал Мәдинада өмірге қарасты кәміл бір жүйе орнатуын қамтамасыз еткен Оның теңдессіз рух жігері мен құдіреті еді. Бұлар Оның уақыты келгенде әр түрлі қиындықты жеңе білетін күш-қуат пен құдірет иесі екендігінің ең жарқын дәлелі.

Өзінен бұрын ешкімде болмаған осы рухани күш пен қасиеттер, қай жақтан қарасаңыз да, Оның ұлы ахлақты үлкен тұлғаретінде танылуына себеп болған. Осы қасиеттердің барлығы да Аллаһ Расулінің жәбір-жапа көре отырып дінге шақыру кезінде де, Мәдинадағы басшылық, төрағалықпен қатар жүрген дінге шақыру кезінде де бар еді.

Осы қасиеттерімен әрқашан жетістіктерге қол жеткізген, бар болмысымен Аллаһқа бет бұрып, Одан басқа нәрседен (мәсиуа) бойын аулақ ұстай білген таңдаулы, теңдесі жоқ әрі ұлы көсеміміз болды.

Барлық қайыр-дұғалар және сәлемет Пайғамбарымызға, оның жанұясына және сахабалары мен әулетіне болсын!

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

а. Құран сөзінен Пайғамбарымыз	5
б. Өз сөзінен Пайғамбарымыз.....	10
Пайғамбарға деген махаббат	14
Оны сүюдің белгілері	17
Пайғамбарымызға салауат және сәлем	19

БІРІНШІ БӨЛІМ

Пайғамбарымыздың жаратылу ерекшеліктері

а. Хилия мен Шәмайли	25
б. Адамдық қасиеттері.....	28
1. Сөйлеуі мен күлуі.....	28
2. Отыру әдебі (мәдениеті)	29
3. Жолда жүруі.....	30
4. Тамақ жеу мәдениеті	30
5. Киген киім-кешектері.....	34
6. Жақсы көрген түстері мен иіс сулары	35
7. Төсегі мен тынығу мәдениеті.....	36
8. Тазалыққа маңыз беруі.....	37
9. Күнделікті шаруасы мен іс-әрекеттері	39
10. Мәжілістері (жиналыстары)	41

11. Шешендігі мен ділмарлығы	43
12. Жорық кезіндегі іс-амалдары	44
13. Кездесуі мен зияраттары	45
14. Жалпы игі істері	46

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Пайғамбарымыздың ғибадаттары мен тақуалық өмірі

а. Ғибадаттары	51
1. Зікірді аузынан тастамауы	53
2. Аллаһтан қорқуы	55
3. Аллаһқа деген махаббаты	56
4. Аллаһқа деген сенімі	58
5. Сабыр етуі және шүкіршілігі	60
6. Зүһдтік өмірі	62

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Пайғамбарымыздың ерекше мінезі

а. Көркем мінезі	71
б. Ерекше сипаттары	75
1. Жігерлілігі мен батылдығы	75
2. Ер жүректілігі мен батырлығы	76
3. Хақ пен Әділет жолындағы қайсарлығы	79
4. Ақ көңілділігі (ашық жарқындығы)	81
5. Әдебі мен ұяңдығы	84
6. Адамдармен жақсы қарым-қатынасы	86
7. Балаларға деген мейірімділігі	89

8. Әйелдермен жақсы қарым-қатынасы	91
9. Сәхауәт пен Жомарттығы.....	92
10. Мейірімділігі мен рақымдылығы.....	95
11. Әділеттілігі мен ынсаптығы.....	98
12. Кішіпейілділігі мен кешірімділігі	100
13. Тура сөзділігі (шыншылдығы)	104
14. Сөзінде тұруы.....	105
15. Сыйлық алуы мен беруі.....	107
16. Қонақжайлығы.....	109
17. Саясат пен ел басқаруындағы жетістіктері	110

Пайғамбарымыз (с.а.у) және Оның күнделікті іс- әрекеттері

«Хикмет» баспа үйі ЖШС,
Алматы қаласы, Мамыр-4 мөлтек ауданы
☎ Байланыс телефондары: 2 55 63 41
2 55 63 57